

Осы нұсқаулықта мазмұндалған барлық деректер нұсқаулықтың құрастырылу сәтіндегі ауыр жүк көлігі туралы ең жаңа мәліметтер болып табылады. JAC өнімдері үнемі жаңартылып және жетілдіріліп отыратындықтан JAC компаниясы алдын ала ескертусіз нұсқаулыққа өзгертулер енгізу құқығын өзіне сақтап қалады.

Осы пайдалану бойынша нұсқаулық JAC ауыр жүк көліктерінің жаңа буынының барлық модельдеріне таралады және стандартты және қосымша жабдықтар туралы жалпы мәліметтерді қамтиды. Осыған байланысты осы пайдалану бойынша нұсқаулықтағы кейбір деректер өнімдердің нақты көрсеткіштерінен өзгеше болуы мүмкін.

АЛҒЫСӨЗ

ЈАС ауыр жүк көлігінің жаңа буынын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз! Құттықтаймыз! Сіз – ЈАС автокөлігінің иесісіз. Біздің компания сізге әрдайым озық технологиялар негізінде жобаланған жоғары сапалы өнімдерді қуана ұсынады.

Осы пайдалану бойынша нұсқаулықта ауыр жүк көлігінің жаңа буының техникалық сипаттамалары мен пайдалану рәсімдері келтірілген. Ауыр жүк көлігінің жаңа буынын пайдалану бойынша талаптар келтірілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуға кеңес береміз.

Ауыр жүк көлігінің жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ЈАС сервистік орталығына жасатуға кеңес береміз. ЈАС сервистік орталығы сізге техникалық қызмет көрсету, күтім жасау және техникалық қолдау бойынша әрдайым жоғары сапалы қызметтер көрсетуге дайын.

Anhui Jianghuai Automobile Group Corp., Ltd.

Ескерту:

Автокөлігіңізді сатқан жағдайда осы пайдалану бойынша нұсқаулықта келтірілген ақпарат автокөліктің келешек иелеріне қажет болатындықтан, осы пайдалану бойынша нұсқаулықты автокөлік ішінде сақтаңыз. Рақмет.

Осы пайдалану бойынша нұсқаулықта пневмогидравликалық тежегіші бар және рулі сол жағында орналасқан жүк көлігі бойынша деректер сипатталған. Басқа модельдерге арналған пайдалану бойынша нұсқаулықтарда осы модельдердің арасындағы айырмашылықтар ғана көрсетілген. Кейбір суреттер нақты өнімнен өзгеше болуы мүмкін, алайда берілетін жалпы мәліметтер бірдей. Anhui Jianghuai Automobile Group Corp., Ltd. компаниясының алдын ала берілген жазбаша келісімінсіз осы нұсқаулықтың мазмұнын кез келген тәсілмен көшірмелеуге тыйым салынады.

Жеке қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер мен автокөлікті зақымдау қауіпі туралы ескерту ақпараты

Осы пайдалану бойынша нұсқаулықта «ЕСКЕРТУ», «АБАЙЛАҢЫЗ», «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» деген тақырыптармен белгіленген жеке мәтін бөліктері бар. Бұл тақырыптар төмендегідей мағынаға ие:

ЕСКЕРТУ:

«ЕСКЕРТУ» мұндай тақырыппен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда автокөлік иесіне немесе өзге тұлғаларға зиян, ауыр жарақаттар келтірілуіне алып келуі мүмкін, барлық ескертулердің талаптарын сақтаған жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ:

«АБАЙЛАҢЫЗ» мұндай тақырыппен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда автокөліктің немесе жабдықтардың зақымдалуына алып келуі мүмкін, ерекше абай болған жөн.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» тақырыбында операциялардың орындалуын жеңілдететін немесе түсіндіретін ақпарат беріледі.

Мазмұны

Қолдану бойынша қажетті ақпарат	1
Басқаруды бақылау және аспаптар	6
Жүргізуге дайындау	67
Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары.....	94
Майлау процедурасы	135
MP3 аудиотехникасы және CD ойнатқыш	152
Жүктерді тиеу кезіндегі сақтық шаралары.....	177

Қолдану бойынша қажетті ақпарат


Төмендегі деректер автокөлікті дұрыс басқару және үнемді пайдалану үшін өте маңызды, осыған байланысты автокөлікті пайдаланар алдында келесі деректермен мұқият танысып шығыңыз.

ANHUI JIANGHUAI AUTOMOBILE CO.,LTD	
	E-CN, MT B
	VIN
ТИП	ДВИГАТЕЛЬ
РАЗР. МАКС. МАССА	ТЕХ. ДОП. МАКС. МАССА КГ
НА ПЕРВУЮ ОСЬ КГ	
НА ВТОРУЮ ОСЬ КГ	
НА ТРЕТЬЮ ОСЬ КГ	
MADE IN THE PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA	

VIN нөмірі мен зауыттық тақтайшаның орналасқан жерлері

VIN нөмірін жазып алыңыз, автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін VIN нөмірін ұсыну қажет болады.

Зауыттық тақтайша мен VIN нөмірі раманың бойлық арқалығының келуші бөлігінің сыртқы жағында, 600 мм шекте алдыңғы жақта, алдыңғы дөңгелектердің орталық сызығының артында (кос алдыңғы осі бар модель үшін алдыңғы осьте) орналасқан.



Шамадан тыс жүктеу

Шамадан тыс жүктеу автокөліктің қызмет ету мерзімінің қысқаруына және қауіп-қатердің туындау ықтималдығының жоғарылауына алып келуі мүмкін.

Жүк көтергіштік автокөліктің номиналды жүк көтергіштігінен аспауы тиіс, алдыңғы және артқы осьтерге түсетін жүктеме осьтердің көтеру қабілетінен аспауы тиіс.


Автокөліктің жалпы салмағы туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік параметрлері» бөлімін қараңыз.



Жаңа көлікті пайдаланған кездегі сақтық шаралары

Тексеріп сынау кезеңінде абайлап жүргізіңіз, техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындау автокөліктің тұрақтылығын арттыруға және оның қызмет ету мерзімін ұзартуға көмектеседі. Осыған байланысты тексеріп сынау кезеңінде (алғашқы 3000 км жол жүрген кезде) келесі сақтық шараларын қатаң сақтаңыз:


1. Автокөліктің шамадан тыс жүктелуін болдырмаңыз.



2. Қозғалтқыштың тым жоғары айналымдармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Тексеріп сынау кезеңінде қозғалтқыштың айналу жиілігі 1500 айн/мин-тан аспауы тиіс.



3. Қозғалтқыштың біркелкі емес бос жүрісін, шұғыл орнынан қозғалуларды, үдеулер мен тежелулерді болдырмаңыз.




4. Қозғалтқыш 60 °C (140 °F) қалыпты жұмыс температурасына дейін алдын ала қыздырылған болуы тиіс.



Автокөлікті басқару және тексеру

Автокөліктің барлық компоненттері мен құрылғыларын «Басқаруды бақылау және аспаптар», «Жүргізуге дайындау» және «Жүргізген кездегі сақтық шаралары» бөлімдерінде келтірілген талаптарға сәйкес тексеріңіз.

Басқаруды бақылау және аспаптар



1. Аралас ауыстырып қосқыш (шамдардың/фаралар жарығының/бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышы)
2. басқару ауыстырып қосқыштарының блогы
3. Дыбыс сигналының түймесі
4. Аралас ауыстырып қосқыш (әйнектазалағыштың/әйнекжұғыштың/мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышы)
5. басқару ауыстырып қосқыштарының блогы
6. Кондиционер ауыстырып қосқышы
7. Шылымтұтатқыш

8. Алдыңғы панельді ашу жіңішке сымарқаны
9. Сақтандырыштар блогы
10. Желдету торы
11. Аудиожүйе
12. Берілісті ауыстырып қосу иінтірегі
13. Тұрақ тежегішін басқару иінтірегі
14. Акселераторды қолмен басқару тартқышының тұтқасы [(Еуро-3/Еуро-4) қозғалтқышы бар модельде бұл тұтқа қолданылмайды]


15. Жұмыстық жарықтың ауыстырып қосқышы
16. Ілгіше педалі
17. Оталдыру жүйесінің ажыратқышы
18. Руль бағанының көлбеу бұрышын реттеу иінтірегі
19. Тежегіш педалі
20. Акселератор педалі
21. Қолмен істейтін жетегі бар тіркемеге арналған тежегіш қранының жиынтығы
22. Орталық консольдің ұсақ-түйек бөлімі



Руль дөңгелегі және дыбыс сигналының түймесі

Руль дөңгелегіндегі дыбыс сигналының түймесіне басқан кезде дыбыстық сигнал даусы естіледі.

Қозғалыссыз автокөлікте руль дөңгелегін бұрауға жол берілмейді, руль дөңгелегі бұғатталған күйде автокөлікті жылжытуға тыйым салынады, жылжытылған жағдайда бұл руль дөңгелегінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



Реттелетін руль дөңгелегі


Руль бағанын белгілі бір көлбеу бұрышымен реттеуге болады, руль дөңгелегін де жоғары/төмен реттеуге болады.

Руль дөңгелегін реттемес бұрын жүргізуші орындығын қажетті күйге дейін реттеп алу қажет.

Руль дөңгелегін реттеу аяқталғаннан кейін руль дөңгелегінің күйін реттеу механизмінің бұғаттау иінірегін дұрыстап тартып қою қажет, руль дөңгелегін реттеу қозғалыссыз тұрған автокөлікте жүргізілуі тиіс, автокөліктің қозғалысы кезінде руль дөңгелегін реттеуге болмайды.

Реттеу тәртібі:

1. Реттеу иінтірегін жоғары қарай жылжытыңыз, бұғаттауды өшіріңіз.
2. Руль дөңгелегін жоғары/төмен реттеңіз, руль бағанын қажетті күйге дейін алға/артқа реттеңіз.
3. Руль дөңгелегін бекіткеннен кейін руль бағанын бұғаттау үшін реттеу иінтірегін төмен жылжытыңыз.



Оталдыру жүйесінің ажыратқышы

Суретте көрсетілгендей бұл оталдыру жүйесінің ажыратқышының 4 күйі бар.

«LOCK»: бұл күйде кілтті құлыпқа салуға немесе одан шығарып алуға болады. Кілт шығарылғаннан кейін руль дөңгелегі бұғатталады. Кілтті «LOCK» күйіне бұраған кезде қозғалтқыш өшеді.



«ACC»: бұл күйде қосымша электр тұтынушылары қосылады.

«ON»: автокөліктің қозғалысы кезінде кілт осы күйде тұруы тиіс.

«START»: кілтті осы күйге бұраған кезде қозғалтқыш оталады. Жібергеннен кейін кілт автоматты түрде «ON» күйіне қайтып оралады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

Стартер жұмысының режимі қысқа мерзімді, қалыпты жағдайларда әрбір оталдыру әрекетінің ұзақтығы 2 секундты құрайды, әрбір оталдыру әрекетінің ұзақтығы 15 секундтан аспауы тиіс, екі оталдыру әрекетінің арасындағы уақыт интервалы 30 секундтан көп болуы тиіс. 5 оталдыру әрекетінен кейін 15 минутқа үзіліс жасаңыз, осыдан кейін оталдыру процедурасын 5 ретке дейін қайталаңыз.




Аралас ауыстырып қосқыш

Сол жақ иінтіректі аралас ауыстырып қосқыш бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышын, жарық ауыстырып қосқышын, шалғай және таяу жарық ауыстырып қосқышын, басып озу шамдарының ауыстырып қосқышын қамтиды. Оң жақ иінтіректі аралас ауыстырып қосқыш мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышын, әйнектазалағыштың ауыстырып қосқышын, әйнекжуғыш ауыстырып қосқышын қамтиды.

Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосқыш

Аралас иінтіректе жарық ауыстырып қосқышын алдыға жылжытқан кезде оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің барлық шамдары жыпылықтайды, иінтіректі артқа жылжытқан кезде сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары жыпылықтайды; Бұрылу аяқталған сәтте бұрылыс көрсеткіштерінің шамдарын өшіру үшін, аралас иінтіректегі жарық ауыстырып қосқышын бастапқы күйіне ауыстырыңыз.




Жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышы

Бұл ауыстырып қосқыш төмендегі жарықтандыру аспаптарын қосуға/өшіруге арналған екі позициялы ауыстырып қосқыш болып табылады.

«1» күйі: габарит шамдар, артқы шамдар, нөмір белгісін жарықтандыру шамы және аспаптар тақтасының көмескі жарығы.


«2» күйі: фаралар.



Шалғай және таяу жарық фараларының ауыстырып қосқышы


Бұл ауыстырып қосқышты жоғары/төмен жылжитқан кезде фаралар шалғай жарықтан таяу жарыққа немесе таяу жарықтан шалғай жарыққа ауысады.

Фаралардың шалғай жарығы қосылған кезде аспаптар тақтасында фаралардың шалғай жарығының индикаторы жанып тұрады.



Басы озу шамдарының ауыстырып қосқышы

Шам ауыстырып қосқышы «ӨШПР» (OFF) күйінде немесе «1» күйінде тұрған кезде аралас иінтіректегі осы ауыстырып қосқышты жоғары/төмен жылжитқан сайын фаралардың шалғай жарығы қосылады/өшіріледі. Басып озу шамдарын қосу үшін осы ауыстырып қосқышты жоғары/төмен бірнеше мәрте ауыстыру қажет, күндіз осы шамдар жыпылықтайды, ал түнгі уақытта шалғай жарықтан таяу жарыққа және керісінше ауысады.



Мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышы


Мотор тежегіш-баяулатқышының жұмысы кезінде мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышын қосқан кезде пайдаланылған газдар әсерінен мұржаның түтікшесі жабылады, бұл қосымша тежелуге мүмкіндік береді. Аралас иінтіректегі әйнектазалағыштың/әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышын алға ауыстырып қосқан кезде мұржа тежегіші қосылады, бұл ретте мұржа тежегішінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын көрсететін индикатор жанып тұрады.

Мұржа тежегішін төбеден төмен қарай немесе бағдаршам сигналдары бойынша жолдарда қозғалған кезде қолдануға кеңес беріледі, мұржа тежегіші акселератор педалін немесе ілінісу педалін басқан кезде қосылмайды. Қозғалтқышты қыздыру үшін қозғалтқыш бос жүріспен жұмыс істеп тұрғанда мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышы «OFF» (ӨШІР) күйінде тұруы тиіс.



⚠ ЕСКЕРТУ:

Қозғалтқыштың өздігінен өшіп қалуын және жазатайым жағдайларды болдырмау үшін мұржа тежегішін қозғалыс кезінде және беріліс өшіріліп тұрған кезде қолдануға тыйым салынады.



Әйнектазалағыш ауыстырып қосқышы

Әйнектазалағыш ауыстырып қосқышының 3 күйі бар:


INT: үзіліспен істеу режимі

LO: баяу істеу режимі

HI: тез істеу режимі

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

- Алдыңғы әйнектің сызылуына жол бермеу үшін әйнектазалағышты әйнек беті құрғақ күйде қосуға болмайды.
- Әйнектазалағыштың зақымдалуына жол бермеу үшін әйнек бетіне жабысып немесе мұзбен қатып қалған жағдайда әйнектазалағышты пайдалануға болмайды.



Әйнекжуғыш ауыстырып қосқышы

Түймелі ауыстырып қосқышқа басқан кезде алдыңғы әйнекке жуғыш сұйықтық беріледі.

✿ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Бак ішінде жуғыш сұйықтық болмаған жағдайда әйнекжуғыштың түймесін басуға болмайды, басқан жағдайда гидросорғы зақымдалуы мүмкін. Жуғыш сұйықтықтың әрбір берілуінің ұзақтығы 15 секундтан аспауы тиіс.



Басқару ауыстырып қосқыштарының блогы

Пневматикалық және электрлі дыбыстық сигналдардың ауыстырып қосқышы

Пневматикалық дыбыстық сигнал руль дөңгелегіндегі дыбыстық сигнал түймесіне 6 кг/см^2 -ден асатын қысыммен басылған жағдайда жұмыс істейді.

Дифференциалды бұғаттау ауыстырып қосқышы

Бұл ауыстырып қосқышқа басқан кезде осьтер арасындағы дифференциалды бұғаттау жұмыс істей бастайды.



Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы

Автокөлікті қауіпті аймақта тоқтату қажет болса, апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу қажет. Төтенше жағдайда тоқтау кезінде мүмкіндігінше автокөлікті жолдың жиегіне тоқтату және апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басу қажет, бұл ретте апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылады, яғни барлық бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары жыпылықтап тұрады. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі кілт «ҚОС» күйінде тұрмаған кезде іске қосылады. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын қайта басқан кезде өшеді.

Алдыңғы тұман фараларының ауыстырып қосқышы/артқы тұман шамдарының ауыстырып қосқышы

Тұман кезінде көлікпен қозғалғанда тұман фараларын/шамдарын қосу қажет. Тұман фараларын/шамдарын қосу қажет болса, ең алдымен аралас интіректегі шамдардың ауыстырып қосқышын «ҚОС» күйіне ауыстырыңыз (бұл ретте габарит шамдары, артқы шамдар, нөмірлік белгісін жарықтандыру шамы, аспаптар тақтасының көмескі жарығы бірге қосылады), осыдан кейін тұман фаралары мен шамдарын қосу үшін алдыңғы тұман фараларының ауыстырып қосқышын/артқы тұман шамдарының ауыстырып қосқышын басыңыз.


Тұман фаралары/шамдары алдыңғы тұман фараларының ауыстырып қосқышын/артқы тұман шамдарының ауыстырып қосқышын қайта басқан кезде өшеді.

Таяу жарық фараларын реттеу ауыстырып қосқышы

Таяу жарық фараларын реттеу осы түймелі ауыстырып қосқышты жоғары/төмен жылжыту жолымен жүзеге асады.

Ортаңғы және артқы белдіктердің дөңгелек аралық дифференциалын бұғаттау ауыстырып қосқышы

Автокөлік лай жермен қозғалған кезде осы ауыстырып қосқышқа басқан жағдайда сол және оң жақ дөңгелектер дифференциал жүйесімен бірге жұмыс істейді, басыңыз. Дифференциалды бұғаттау осы ауыстырып қосқышты қайта басқан кезде өшеді.



Шылымтұтатқыш

Шылымтұтатқыштың спиралін қыздыру оталдыру жүйесі кілтінің «ACC» немесе «ON» күйінде жүргізілуі тиіс. Шылымтұтатқышты пайдалану қажет болса, оны шылымтұтатқыш ұясына батыру қажет, қажетті деңгейге дейін қызғаннан кейін шылымтұтатқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады, онымен темекіні тұтатып алуға болады. Қызып тұрған шылымтұтатқышты ұясына қайтадан батыруға болмайды, бұл оның спиралінің күйіп кетуіне немесе өртке алып келуі мүмкін. Шылымтұтатқышты ауыстыру қажет болса, түпнұсқа өнімдерді немесе ұсынылатын балама өнімді пайдалану қажет.



Жылытқыш ауыстырып қосқышы (опция)


Жылытқышты қосу: жылытқыштың су сорғысы жылытқыштың ауыстырып қосқышы бірінші күйге ауыстырылған кезде жұмыс істейді, жылытқыштың ауыстырып қосқышы екінші күйге ауыстырылған кезде жылытқыш қосылады.

Жылытқыш сәтті қосылған кезде жылытқыш ауыстырып қосқышындағы жасыл түсті индикатор жанып тұрады. Жылытқышта ақаулықтар туындаған жағдайда жасыл түсті индикатор жанып тұрады.

Жылытқышты өшіру: жылытқыш ауыстырып қосқышы екінші күйден ауыстырылған кезде жасыл түсті индикатор өшеді. Су сорғысы қалыпты жұмыс істейді.

Аспаптар мен индикаторлар

1. Спидометр (км/сағ)
2. Ауа қысымының көрсеткіші
3. Май қысымының көрсеткіші
4. Тахометр (айн/мин)
5. Салқындату сұйықтығының температурасының көрсеткіші
6. Отын және несепнәр деңгейінің көрсеткіші
7. Аспаптар тақтасындағы индикаторлар



Спидометр

Спидометр бір сағаттағы километрлер санымен автокөліктің қозғалу жылдамдығын көрсетеді. Жалпы жүрілген жол санағышы автокөліктің километрмен жалпы жүріп өткен жолын көрсетеді. Жалпы жүрілген жол санағышы кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған километрлер санын көрсетеді.

Тахометр

Тахометр қозғалтқыштың иінді білігінің бір минуттағы айналу санын көрсетеді. Ол нақты уақыт режимінде қозғалтқыштың айналу жиілігін көрсетіп тұрады, Сізге қозғалтқыштың айналу жиілігін қажетті нормаға дейін уақтылы жеткізуге, қуаттың төмендеуін болдырмауға немесе қозғалтқыштың істен шығуының алдын алуға мүмкіндік береді.



АБАЙЛАҢЫЗ:

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда тахометр көрсеткісі шкаланың қызыл түсті аймағында тұрмауы тиіс, егер тахометр көрсеткісі қызыл түсті аймаққа өтетін болса, бұл қозғалтқыштың күрделі зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Салқындату сұйықтығының температурасының көрсеткіші

Салқындату сұйықтығының температурасының көрсеткіші қозғалтқышты салқындату жүйесіндегі салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.



АБАЙЛАҢЫЗ:

Салқындату сұйықтығының температурасының көрсеткіші талап етілетін мәннен жоғары болса, автокөлікті тоқтатыңыз да, салқындату сұйықтығының температурасы қалыпты жұмыстық температураға дейін төмендегенше қозғалтқышты бос жүріспен жұмыс істеткізіп қойыңыз.

Ауа қысымының көрсеткіші

Ауа қысымының көрсеткіші нақты уақыт режимінде ресивердегі ауаның қысымын көрсетеді. 6 кг/см²-ден төмен қысым мәнінде ауаның төмен қысымының сигналдық индикаторы жанады, зуммер ескерту сигналын береді. Егер қозғалтқышты сәтті оталдырғаннан кейін ауа қысымының көрсеткішіндегі мән рұқсат етілген шектен асып кетсе, бірден қозғалтқышты өшіріңіз де, өзіңізге жақын орналасқан JAC сервистік орталығына хабарласыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ:

Ауа қысымы көрсеткішінің көрсеткісі қызыл түсті аймақта тұрса, автокөлікті орнынан қозғауға болмайды, қозғалған жағдайда қауіп-қатер туындауы мүмкін.

Май қысымының көрсеткіші

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде май қысымының көрсеткіші қозғалтқыштағы майдың қысымын көрсетіп тұрады.

Егер ауа қысымының көрсеткішінің мәні 200 кПа-дан төмен болса, сигналдық төмен қысым индикаторы жанып тұрады, бір мезгілде зуммер ескерту сигналын береді. Мұндай жағдайда бірден қозғалтқышты өшіру және салқындату жүйесін тексеру қажет.



АБАЙЛАҢЫЗ:

- Егер қозғалтқыш температурасы 0 °C-тан төмен болса, қозғалтқыштағы майдың қысымы талап етілетін мәннен жоғары болуы мүмкін.

Қозғалтқышты оталдыруға дейін қыздырудан кейін майдың қысымы қалыпты мәнге дейін келтіріле алады.


- **Май сүзгісі толып қалған жағдайда майдың төмен қысымының сигналдық индикаторы жанады, алайда зуммердің ескерту сигналы берілмейді.**

Отын деңгейінің көрсеткіші

Оталдыру жүйесінің кілті «ON» (ҚОС) күйінде тұрғанда отын деңгейінің көрсеткіші отын бағындағы отын деңгейі мен несепнәр деңгейін көрсетіп тұрады.

«F» и «E» белгілері «Бак толы » және «Бак босады» деген мағынаны білдіреді.

Аспаптар тақтасындағы индикаторлар [1] (модельдер арасында мардымсыз айырмашылық бар)




1. Сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы
2. Артқы тұман шамдарының қосылу индикаторы
3. Қозғалтқыш ақаулығының индикаторы
4. Тіркеменің АБС жүйесінің индикаторы
5. Дифференциалды бұзғатпау индикаторы
6. Қозғалтқышты оталдыруға дейін қыздыру индикаторы
7. АБС жүйесінің индикаторы
8. Қозғалтқышты тоқтату индикаторы
9. Шалғай жарықтың қосылу индикаторы
10. Тежегіш жүйесіндегі ауа қысымының индикаторы
11. Салқындату сұйықтығының жоғары температурасының сигналдық индикаторы

12. Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы
13. Жабылмаған есік индикаторы
14. Отын сүзгісінде судың болуын білдіретін индикатор
16. Аккумулятор зарядының индикаторы
17. Жоғарылатылған берілістің қосылу индикаторы
18. Оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы
19. Артқы көрініс айналарының жылытқышының индикаторы
20. Жұмыстық жарық индикаторы
21. Тіркемеде АБС жүйесінің болмауын білдіретін индикатор (NO ABS)
22. Мұржа тежегішінің қосылу индикаторы
23. OBD жүйесінің индикаторы

23. ASR жүйесінің индикаторы
24. Таяу жарықтың қосылу индикаторы
25. Кабинаның бұзатталуының сигналдық индикаторы
26. Май қысымының индикаторы
27. Қозғалтқыштың дайындық күйінің индикаторы
28. Тұрақ тежегішінің қосылу индикаторы
29. Ауа сүзгісінің ластану индикаторы
30. Қуат алу механизмінің қосылу индикаторы
31. Төмендетілген берілістің қосылу индикаторы

Аспаптар тақтасындағы индикаторлар [2] (модельдер арасында мардымсыз айырмашылық бар)

-
- | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|----|----------------|---------|-----|-----|------|----|-----------|----|-------------|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| ← | ☼ | 🔧 | TRAILER | ABS | ASR | STOP | 🚗 | Brake Oil | 🛢 | 🛑 | 🔋 | 🔋 | 🔋 | 🔋 | 🔋 | → |
| 🚗 | 🚗 | NO ABS TRAILER | ABS | ASR | 🚗 | 🚗 | 🚗 | 🚗 | 🚗 | Waiting (P) | 🔋 | 🔋 | 🔋 | 🔋 | 🔋 | |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | | |
- Сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы
 - Артқы тұман шамдарының қосылу индикаторы
 - Қозғалтқыш ақаулығының индикаторы
 - Тіркеменің ABS жүйесінің индикаторы
 - Дифференциалды бұғаттау индикаторы
 - Қозғалтқышты оталдыруға дейін қыздыру индикаторы
 - ABS жүйесінің индикаторы
 - Қозғалтқышты тоқтату индикаторы
 - Шалғай жарықтың қосылу индикаторы
 - Тежегіш жүйесіндегі ауа қысымының индикаторы
 - Салқындату сұйықтығының жоғары температурасының сигналдық индикаторы
 - Қауіпсіздік белбеуінің индикаторы
 - Жабылмаған есік индикаторы
 - Отын сүзгісінде судың болуын білдіретін индикатор
 - Аккумулятор зарядының индикаторы
 - Жоғарылатылған берілістің қосылу индикаторы
 - Оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы
 - Тіркеменің сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы
 - Тіркеменің оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы
 - Тіркемеде ABS жүйесінің болмауын білдіретін индикатор (NO ABS)
 - Мұржа тежегішінің қосылу индикаторы
 - OBD жүйесінің индикаторы
 - ASR жүйесінің индикаторы
 - Баяулатқыштың қосылу индикаторы
 - Жұмыстық жарық индикаторы
 - Кабинаның бұғатталуының сигналдық индикаторы
 - Май қысымының индикаторы
 - Қозғалтқыштың дайындық күйінің индикаторы
 - Тұрақ тежегішінің қосылу индикаторы
 - Ауа сүзгісінің ластану индикаторы
 - Қуат алу механизмінің қосылу индикаторы
 - Төмендегілген берілістің қосылу индикаторы



Сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы

Сол жаққа бұрылған кезде аспаптар тақтасында сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің жасыл түсті көрсеткілі қосылу индикаторы жыпылықтайды. Егер көрсеткілі индикатор жыпылықтамай, жанып тұрса, бұл бұрылыс көрсеткіштерінің шамдарының жыпылықтау жиілігінің қалыпты жыпылықтау жиілігінен асып кеткенін немесе бұрылыс көрсеткіштерінің шамдарының жыпылықтамай тұрғанын білдіреді, бұл жағдайда жарық сигналын беру жүйесінде ақаулықтың болуын/болмауын тексеру қажет.

Артқы тұман шамдарының қосылу индикаторы

Артқы тұман шамдарының ауыстырып қосқышына басқан кезде осы индикатор жанады.



**CHECK
ENGINE**

Қозғалтқыш ақаулығының индикаторы

Егер оталдыру жүйесі қалыпты жағдайда қосылған болса, қозғалтқыш ақаулығының индикаторы жанады және 2 секундтан кейін өшеді. Егер бұл индикатор үздіксіз жанып тұрса, бұл қозғалтқышта ақаулықтың болу ықтималдығын білдіреді, мұндай жағдайда тексеру немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін JAC сервистік орталығына хабарласыңыз.


Егер бұл индикатор болмаса,  қозғалтқышты тоқтату индикаторы (Stop), қозғалтқыштың дайындық күйінің индикаторы (Waiting) қолданылады.



**ABS
TRAILER**


Тіркеменің АБС жүйесінің индикаторы (опция)

Тіркеменің АБС жүйесі жұмыс істеген кезде осы индикатор жанады.



Дифференциалды бұғаттау индикаторы (опция)

Дифференциалды бұғаттау қосылған кезде осы индикатор жанады.



Қозғалтқышты оталдыруға дейін қыздыру индикаторы

Жылдың суық мезгілінде оталдыру жүйесінің кілті «ON» күйіне бұралған кезде осы индикатор жанады, оталдыру жүйесінің кілті индикатор сөнгенше осы күйде тұруы тиіс. Индикатор сөнгеннен кейін қозғалтқышты оталдыру үшін оталдыру жүйесінің кілтін «START» күйіне бұраңыз.

The image shows the ABS indicator symbol, which consists of the letters "ABS" in a bold, black, sans-serif font, centered within a white square box.

АБС жүйесінің индикаторы (опция)

АБС жүйесінің индикаторы оталдыру жүйесінің кілті «ON» күйінде тұрған кезде жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді. Егер АБС жүйесінің индикаторы қозғалыс кезінде тұрақты жанып тұрса немесе оталдыру жүйесінің кілті «ON» күйінде тұрғанда АБС жүйесінің индикаторы сөнбейтін болса, АБС жүйесінің ақаулығы орын алған болуы мүмкін. Бұл жағдайда тексеру жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен JAC сервистік орталығына хабарласыңыз.



Шалғай жарықтың қосылу индикаторы

Фаралар жарығының ауыстырып қосқышын шалғай жарықты қосу режиміне ауыстырған кезде шалғай жарықтың қосылу индикаторы жанады.


Brake Air

Тежегіш жүйесіндегі ауа қысымының индикаторы

Егер қозғалтқыш қалыпты жұмыс істеп тұрғанда ресивердегі ауа қысым 6 кг/см^2 -ден төмен болса, осы индикатор жанады, және бір мезгілде зуммер ескерту сигналын береді. Мұндай жағдайда бірден автокөлікті тоқтатыңыз да, қозғалтқышты бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз. Ауа қысымын талап етілетін мәнге жеткізгеннен және индикатор сөнгеннен кейін ғана қозғалысты жалғастыруға жол беріледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Егер тежегіш жүйесіндегі ауа қысымының индикаторы автокөліктің қозғалысы кезінде жанып тұрса, бұл қауіп-қатер тудыруы мүмкін. Егер қысымды талап етілген деңгейге жеткізу көп уақытты алатын болса, JAC сервистік орталығына хабарласыңыз.



Салқындату сұйықтығының жоғары температурасының сигналдық индикаторы

Егер қозғалтқыштың температурасы тым жоғары болса, осы сигналдық индикатор жанып тұрады, егер салқындату сұйықтығының деңгейі рұқсат етілген деңгейден төмен болса, зуммер ескерту сигналын береді. Бұл жағдайда автокөлікті жолдың шетіне тоқтатыңыз, салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз, қажет болса, салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз, салқындату сұйықтығының деңгейі үстіңгі және астыңғы белгілердің арасында тұруы тиіс.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Қозғалтқыштың қызып кету белгілері пайда болған кезде, температура қалыпты жұмыстық ауқымына оралмайынша, басқышты (иінтіректі) акселераторды босату және (немесе) температура қалыпты жұмыс диапазонына оралғанша төмен берілісті қосу арқылы қозғалтқыштың қуатын төмендетуді қамтамасыз етіңіз. Егер қозғалтқыштың температурасы қалпына келмесе, қозғалтқышты тоқтатып, Cummins қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқыш қызып кеткен кезде зақымдалған бөлшектер мен тораптарды жөндеуге және ауыстыруға кепілдік міндеттемелер күшін жояды!



Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жүргізушіге қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігі туралы ескерту үшін оталдыру жүйесі қосылған кезде шамамен 5 сек жыпылықтайды. Егер жүргізуші 5 секундтың ішінде қауіпсіздік белбеуін тиісінше тағатын болса, бұл индикатор сөнеді. Оталдыру жүйесінің кілті «ACC» немесе «LOCK» күйіне бұралған кезде бұл индикатор сөнеді.




Жабылмаған есік индикаторы

Жабылмаған есік индикаторы есіктің жабылмағаны туралы ескертеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Қозғалыс кезінде есіктер дұрыс жабылған болуы тиіс; автокөлікпен орыннан қозғалар алдында жабылмаған есік индикаторының сөнгенін тексеріңіз.




Аккумулятор зарядының индикаторы

Аккумулятор зарядының индикаторы оталдыру жүйесін қосқан кезде жануы тиіс, аккумулятор зарядының индикаторы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде сөнеді. Егер бұл индикатор қозғалыс кезінде жанып тұрса, автокөлікті тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз де, белбеудің керілуін тексеріңіз. Белбеу босап кеткен немесе тозған жағдайда, оны реттеңіз немесе ауыстырыңыз.




Жоғарылатылған берілістің қосылу индикаторы (куат алу механизмі жоқ 12 сатылы БАҚ, 16 сатылы БАҚ үшін)

Жоғарылатылған беріліс қосылған кезде осы индикатор жанады.



Оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы

Оң жаққа бұрылған кезде аспаптар тақтасында оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің жасыл түсті көрсеткілі қосылу индикаторы жыпылықтайды. Егер көрсеткілі индикатор жыпылықтамай, жанып тұрса, бұл бұрылыс көрсеткіштерінің шамдарының жыпылықтау жиілігінің қалыпты жыпылықтау жиілігінен асып кеткенін немесе бұрылыс көрсеткіштерінің шамдарының жыпылықтамай тұрғанын білдіреді, бұл жағдайда жарық сигналын беру жүйесінде ақаулықтың болуын/болмауын тексеру қажет.



Артқы көрініс айналарының жылытқышының индикаторы (опция)

Артқы көрініс айналарының жылытқышының ауыстырып қосқышы қосылған кезде артқы көрініс айналары жылытыла бастайды, осы кезде артқы көрініс айналарының жылытқышының индикаторы жанып тұрады.




Жұмыстық жарық индикаторы

Жұмыстық жарық ауыстырып қосқышы қосылған кезде осы индикатор жанады. Жұмыс аяқталғаннан кейін немесе қозғалыс кезінде жұмыстық жарықтың ауыстырып қосқышын өшіріп қою қажет.




Тіркемеде ABS жүйесінің болмауын білдіретін индикатор (NO ABS) (опция)

Тіркеменің ABS жүйесі болмаған жағдайда осы индикатор жанады.



Мұржа тежегішінің қосылу индикаторы

Мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышын қосқан кезде осы индикатор жанады; индикатор мұржа тежегішінің ауыстырып қосқышы бастапқы күйіне қайтарылған кезде сөнеді.



OBD жүйесінің индикаторы (Еуро-4)

Бұл индикатор пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінің жұмыстық күйін көрсетеді, бұл индикатор қозғалтқыш сәтті оталғаннан бастап 10 секундтан кейін сөнуі тиіс, егер бұл индикатор сөнбесе, бұл пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінде ақаулықтың бар екенін білдіреді.

The logo consists of the letters "ASR" in a bold, black, sans-serif font, centered within a white square frame.


ASR жүйесінің индикаторы (опция)

Оталдыру жүйесінің кілті «ON» күйіне бұралған кезде ASR жүйесінің индикаторы жанады. Тежелу кезінде ASR жүйесінің индикаторы сөнеді. Егер бұл индикатор сөнбесе, бұл ASR жүйесінің істен шыққанын білдіреді. ASR жүйесінің кез келген ақаулығы туындаған жағдайда ASR жүйесінің индикаторы жанады. Қозғалыс кезінде ASR жүйесінің индикаторы сөнеді. ASR жүйесі жұмыс істеп тұрғанда ASR жүйесінің индикаторы жыпылықтайды.



Баяулатқыштың қосылу индикаторы (опция)

Баяулатқышты қосқан кезде осы индикатор жанады, егер бұл индикатор жыпылықтап тұрса, ақаулықтың бар екенін білдіреді.




Таяу жарықтың қосылу индикаторы (опция)

Фаралар жарығының ауыстырып қосқышын таяу жарықты қосу режиміне ауыстырған кезде таяу жарықтың қосылу индикаторы жанады.



Кабинаның бұғатталуының сигналдық индикаторы

Егер кабина бұғатталмаған болса, кабинаның бұғатталуының сигналдық индикаторы жанады.



Май қысымының индикаторы

Оталдыру жүйесінің кілті «ON» күйіне бұралған кезде осы индикатор жанады, қозғалтқыш сәтті оталдырғаннан кейін бұл индикатор сөнеді. Егер бұл индикатор қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда жанып тұрса, бірден қозғалтқышты өшіріңіз де, өзіңізге жақын орналасқан JAC сервистік орталығына хабарласыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Бос жүрісте ұзақ жұмыс істеуге жол бермеңіз. Бос жүрістегі ұзақ жұмыс істеу қозғалтқыштың жұмыстық сипаттамасының нашарлауына әкелуі мүмкін. Егер, қозғалтқыш бос жүрісте ұзақ уақыт жұмыс істеу қажет болса, онда оны бос жүрістің жоғары айналымдарына шығарыңыз (кем дегенде 1000 айн/мин). **Қозғалтқыш қызып кеткен кезде зақымдалған бөлшектер мен тораптарды жөндеуге және ауыстыруға кепілдік міндеттемелер күшін жояды!**




Тұрақ тежегішінің қосылу индикаторы

Оталдыру жүйесі және тұрақ тежегіші қосылған кезде тұрақ тежегішінің қосылу индикаторы жанады, тұрақ тежегіші өшірілген кезде тұрақ тежегішінің қосылу индикаторы сөнеді. Тұрақ тежегіші өшірілгеннен және тұрақ тежегішінің қосылу индикаторы сөнгеннен кейін ғана автокөлікпен орнынан қозғалуға болады.



Ауа сүзгісінің ластану индикаторы

Егер ауа сүзгісінің ластану деңгейі күтім жасауды қажет етсе, ауа сүзгісінің ластану индикаторы жанады. Егер бұл индикатор жанып тұрса, автокөлікке техникалық қызмет көрсету бойынша талаптарға сәйкес сүзгіге күтім жасау жұмыстарын жүргізу қажет.




Қуат алу механизмінің қосылу индикаторы (опция)

Қуат алу механизмінің ауыстырып қосқышы қосылған кезде қуат алу механизмінің қосылу индикаторы жанады.



АБАЙЛАҢЫЗ:

Қозғалыс кезінде бұл ауыстырып қосқышты қосуға болмайды, қосқан жағдайда бұл қуат алу механизмінің бөлшектерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.




Төмендетілген берілістің қосылу индикаторы (қуат алу механизмі жоқ 12 сатылы БАҚ, 16 сатылы БАҚ үшін)

Төмендетілген беріліс қосылған кезде осы индикатор жанады.




Отын сүзгісінде судың болуын білдіретін индикатор

Отын сүзгісінде көп мөлшерде су болған жағдайда осы индикатор жанады және суды төгу қажеттігі туралы ескертеді.




Тіркеменің сол жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы (опция)

Тіркеменің сол жақ бұрылыс көрсеткіштері қосылған кезде осы индикатор жанады.



Тіркеменің оң жақ бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу индикаторы (опция)


Тіркеменің оң жақ бұрылыс көрсеткіштері қосылған кезде осы индикатор жанады.



Едендегі басқаруды бақылау Берілісті ауыстырып қосу иінтірегі


Берілістерді ауыстырып қосу схемасы берілісті ауыстырып қосу иінтірегінің тұтқасына басылған, оталдыру жүйесінің кілті «ON» күйінде тұрған кезде артқы жүріс берілісі қосылғанда артқы жүріс индикаторы жанады.

Егер автокөлік артқы жүріс сигналдық зуммерімен жабдықталған болса, артқы жүріс берілісі қосылған кезде артқы жүріс сигналдық зуммері ескерту сигналын береді.




Акселератор педалі

Қажетсіз отын шығынын болдырмау үшін акселератор педалін қажеттілікке қарай жайымен басу қажет.



Тежегіш педалі

Тежегіштер тежегіш педаліне орташа басылған кезде үлкен тежеу күшін тудырады.



Ілінісу педалі

Ілінісуді өшірген кезде ілінісу педалін жайымен тірелгенше басу қажет, олай болмаған жағдайда ілінісу тез тозуы мүмкін. Ілінісуді қосқан кезде ілінісу педалін баяу жіберу қажет.




АБАЙЛАҢЫЗ:

Ілінісуді пайдалану қажет болмаған кезде, аяғыңызды ілінісу педалінде ұстамаңыз.

(Бұрылыс) сигнал шамдары құрылғысы 3 сигнал шамын қамтиды, олардың біреуі кабинаның жоғарғы бөлігіне орнатылған, қалған екеуі төмендегі суретте көрсетілгендей артқы бампердің сол жақ және оң жақ бүйіріне орнатылған:




Шалғай жарық шамын ашқан кезде кабинаның төбесіндегі және артқы бампердің сол жақ бүйіріндегі сигнал шамдары жұмыс істей бастайды; Шалғай жарық шамы сөндірілгенде кабинаның төбесіндегі және артқы бампердің сол жақ бүйіріндегі (бұрылыс) сигнал шамдары жұмыс істеуін тоқтатады; тежегіш педалі басылған кезде (көлік құралының аккумуляторының ауыстырып қосқышы қосылған болуы тиіс) артқы бампердің оң жақ бүйіріндегі (бұрылыс) сигнал шамы жұмыс істей бастайды; тежегіш педалі жіберілген кезде, артқы бампердің оң жақ бүйіріндегі (бұрылыс) сигнал шамы жұмысын тоқтатады.



Желдету торлары


Ауа ағынының бағытын реттеу торларды бұру жолымен жүзеге асырылады.



ауа жылытқышы

Ауа жылытқышының ауыстырып қосқышын бұрау арқылы ауа жылытқышының жылы ауа ағынын басқаруыңызға болады, ауа жылытқышының ауыстырып қосқышының күйі суретте көрсетілген:

Ауа жылытқышының ауыстырып қосқышы «0» күйінде тұрғанда ауа жылытқышы жұмыс істемейді, ал «0» күйінен сағат тілінің бағытымен бұралған кезде ауа жылытқышы жұмыс істей бастайды, көбірек бұраған сайын ауа ағыны соғұрлым күшейеді.



ЕСКЕРТУ:


жанғыш булар түзілуі немесе тозаңдар жиналуы мүмкін жерлерде (мысалы, ЖҚБ (жанармай құю бекеті), мұнай базалары, отын, көмір, жаңқа немесе азық-түлік қоймасының немесе осыған ұқсас объектілердің жанында) жарылыс қаупі бар болғандықтан ауа жылытқышын өшіріп қою қажет:



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Ауа жылытқышы ұзақ уақыт бойы жұмыс істегенде қою түтін, жану кезінде әдеттен тыс шуыл немесе отынның әдеттен тыс иісі пайда болса, дереу ауа жылытқышын өшіріңіз, қарап тексерту және техникалық қызмет көрсету үшін жақын жердегі ТҚО (техникалық қызмет көрсету орталығына) барыңыз, осыдан кейін ғана жылытқышты қайта пайдалануыңызға болады;
- Жылы ауаның кірісі мен шығысын кір-қоқыспен және өзге де заттармен бөгеуден сақтаныңыз. Механикалық бөлшектерінің қозғалмай қалуын болдырмау үшін ауа жылытқышын әр төрт апта сайын шамамен 10 минутқа қосып қойыңыз;
- Ауа жылытқышының үстінен баспаңыз және жылытқыштың үстіне кез келген салмақты зат қоймаңыз немесе қоқыс тастамаңыз;
- Ауа жылытқышын тазалау үшін жоғары қысымды бүріккішті қолдануға болмайды; Автокөлік тоқтағанша ауа жылытқышының ауыстырып қосқышын «0» күйіне бұраңыз, аккумулятор зарядын отырғызбау үшін ауа жылытқышын өшіріңіз.

Кондиционерді басқару құралдары



- | | |
|---|--|
| 1. Бас аймағына үрлеу түймесі | 5. Әйнекке/аяқтар аймағына үрлеу түймесі |
| 2. Аяқтар аймағына үрлеу түймесі | 6. Әйнекке үрлеу түймесі |
| 3. Бас/аяқтар аймағына үрлеу түймесі | 7. A/C түймесі |
| 4. Ішкі/сыртқы ауа айналымы режимдерін таңдау түймесі | 8. Салқындату/жылыту тұтқасы |
| | 9. Ауаның берілуін үлестіру тұтқасы |



Бас аймағына үрлеу түймесі

Бұл режимде ауа аспаптар тақтасының алдыңғы желдету торлары арқылы бас аймағына жеткізіледі.



Аяқтар аймағына үрлеу түймесі

Бұл режимде ауаның көп бөлігі аяқтар аймағына үрлейтін желдету торларына жеткізіледі.



Бас/аяқтар аймағына үрлеу түймесі

Бұл режимде аспаптар тақтасының желдету торларына ауаның 50 %-ы беріледі және қалған ауа аяқтар аймағына үрлейтін желдету торларына беріледі.



Ішкі/сыртқы ауа айналымы режимдерін таңдау түймесі

Бұл түймені басқан кезде индикатор жанады және ішкі ауаның айналу режимі қосылады, бұл режимде сыртқы ауаның ішке ағылуы токтатылады; осы түймені қайта басқан кезде индикатор сөнеді, сыртқы ауаны айналдыру режимі қосылады, бұл режимде ішкі және сыртқы ауа алмасуы жүзеге асырылады.




Әйнекке/аяқтар аймағына үрлеу түймесі

Бұл режимде ауаның көп бөлігі алдыңғы әйнекке үрлейтін желдету торларына және аяқтар аймағына үрлейтін желдету торларына жеткізіледі, бүйірлік әйнектерге үрлейтін желдету торларына ауа аз мөлшерде беріледі. Бұл режимде алдыңғы әйнектің буланып кетуін болдырмау үшін ішкі/сыртқы ауа айналымы режимдерін таңдау түймесін сыртқы ауа айналымы режиміне ауыстырып қосуға кеңес беріледі.




Әйнекке үрлеу түймесі

Бұл режимде ауа алдыңғы әйнекке үрлейтін желдету торларына жеткізіледі, бүйірлік әйнектерге үрлейтін желдету торларына ауа аз мөлшерде беріледі. Бұл режимде алдыңғы әйнектің буланып кетуін болдырмау үшін ішкі/сыртқы ауа айналымы режимдерін таңдау түймесін сыртқы ауа айналымы режиміне ауыстырып қосуға кеңес беріледі.




А/С түймесі

Қозғалтқыш сәтті оталдырғаннан кейін бұл түймеге басқан кезде индикатор жанады, ауаның берілуін үлестіру тұтқасын қажетті күйге бұраған кезде компрессор жұмыс істей бастайды. Компрессорды өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз, бұл ретте индикатор сөнеді.



Салқындату/жылыту тұтқасы

Салқындату үшін тұтқаны солға бұраңыз, жылыту үшін тұтқаны оңға бұраңыз, ішкі ауа температурасын рұқсат етілген жұмыстық ауқымда реттеу осы тұтқаны бұрау арқылы жүзеге асырылады.



Ауаның берілуін үлестіру тұтқасы

Ауаның берілуін көбейту үшін ауаның берілуін үлестіру тұтқасын сағат тілінің бағытымен бұраңыз, ауаның берілуін азайту үшін ауаның берілуін үлестіру тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Ауа райы ыстық болған кезде, кабинадан жылы ауаны шығару үшін терезелерді ашыңыз, содан кейін терезелерді жабыңыз, бұл салқындату уақытын азайтуға және жүйенің тиімділігін арттыруға көмектеседі.
- Егер ішкі ауа айналымы режимінде ауаны салқындату ұзақ уақытқа созылса, ішкі ауа едәуір деңгейде құрғай бастайды. Бұл жағдайдың туындауын болдырмау үшін ішкі ауаны салқындату аяқталғаннан кейін ішкі ауаны айналдыру режимін өшіріп қою қажет.
- Қозғалтқыштың қызып кетуін болдырмау үшін қажеттілігіне қарай алыс қашықтықтарға жол жүрген кезде сәйкесінше кондиционерді өшіріп қою қажет.
- Қыста немесе кондиционерді жүйелі түрде қолданбаған кезде, майлау айналымын жеңілдету, жүйенің оңтайлы жұмыс күйін сақтау үшін кондиционердің компрессорын тиісінше қосып қою және оны бірнеше минут жұмыс істетіп қою қажет.
- Ішкі ауа айналымы режиміндегі ұзақ жұмыс әйнектердің буланып кетуіне әкеп соғуы мүмкін. Әйнектің булануы байқалған жағдайда әйнектерді үрлеу режиміне ауыстырыңыз.



Бұғаттау ауыстырып
қосқышы

Оң жақ ауыстырып
қосқыш

Сол жақ ауыстырып
қосқыш

Жүргізуші есігіндегі электр әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары
Әйнекті түсіру:

Жүргізуші есігінің әйнегін түсіру үшін электр әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігіне жүрісінің жартысына дейін басыңыз. Әйнекті тоқтату үшін осы ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Әйнекті тірелгенше түсіру үшін электр әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігіне толық басыңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Әйнекті қажетті күйде тоқтату үшін электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін жоғары қарай сәл тартыңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Әйнекті көтеру:

Жүргізуші есігінің әйнегін көтеру үшін электр әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін жүрісінің жартысына дейін тартыңыз. Әйнекті тоқтату үшін осы ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Әйнекті тірелгенше көтеру үшін электр әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін толық тартыңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Әйнекті қажетті күйде тоқтату үшін электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін сәл басыңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Осы ауыстырып қосқыштың алдыңғы бөлігін жоғары қарай тірелгенше тартқан кезде суық климат жағдайларында сақтандырғыш құрылғының әсерімен әйнектің толық көтерілуінен қорғау жүзеге асырылады. Бұл ретте әйнекті толық көтеру үшін осы ауыстырып қосқыштың алдыңғы бөлігін жоғары қарай сәл көтеріңіз. Оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін 30 секунд бойы электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын басқару мүмкіндігі бар. Бұл функция өте қолайлы және оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін әйнекті көтеруге мүмкіндік береді.

АБАЙЛАҢЫЗ:

- Жолаушы есігіндегі әйнектің көтерілуін/түсірілуін басқару да жүргізуші есігіндегі электр әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары арқылы жүзеге асырыла алады.
- Басыңыздың, қолдарыңыздың және өзге де дене мүшелеріңіздің қысылып қалуын болдырмау үшін әйнекті көтеру кезінде абай болыңыз.
- Электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын өшіру немесе қосу кезінде көп күш салу сақтандырғыш құрылғының іске қосылуына және әйнектің тоқтап қалуына алып келуі мүмкін.
- Бұл жағдайда осы ауыстырып қосқышты өшіріңіз, бірнеше секунд күтіңіз, содан кейін ауыстырып қосқышты қайтадан қосыңыз, әйнектің түсірілуінің/көтерілуінің басқарылу күйін тексеріңіз.

Электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы

Қосылуын немесе өшірілуін болдырмау мақсатында екі жақтан да әйнектерді бұғаттау үшін электр әйнеккөтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышын басыңыз. Әйнектерді бұғаттан шығару үшін осы ауыстырып қосқышты қайта басыңыз.



Жолаушы есігіндегі электр әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын басқару

Әйнекті түсіру:

Жолаушы есігіндегі әйнекті түсіру үшін осы ауыстырып қосқыштың алдыңғы бөлігін басыңыз. Әйнекті тоқтату үшін осы ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Әйнекті көтеру:

Жолаушы есігіндегі әйнекті көтеру үшін осы ауыстырып қосқыштың алдыңғы бөлігін жоғары қарай тартыңыз. Әйнекті тоқтату үшін осы ауыстырып қосқышты жіберіңіз.



Қолмен істейтін жетегі бар тіркемеге арналған тежегіш қранының жиынтығы

Тартқыш тоқтаған кезде тіркеменің тежегішін қосу үшін қолмен істейтін жетегі бар тіркеменің тежегіш қранын тартыңыз, тежегішті өшіру үшін қолмен істейтін жетегі бар тіркеменің тежегіш қранын жіберіңіз, осыдан кейін автокөлік орнынан қозғала алады.

Баяулатқыш

Тежеу әсері бар баяулатқыш жеке де қолданыла алады, сондай-ақ қозғалтқышты тежеумен, дөңгелек тежегішімен бірге қолданыла алады. Баяулатқышты қолдану тежелу күшін арттыруға, тежелу уақытын қысқартуға, дөңгелек тежегіштерінің шығынын азайтуға мүмкіндік береді, әсіресе ылдиға қарай ұзақ жолдың үстінде баяулағанда немесе 40-60 км/сағ жылдамдықпен үздіксіз қозғалғанда анағұрлым тиімді.



Баялаудың 7 беріліс сатысы бар, олар: «0», «В», «1», «2», «3», «4», «5». Баяулатқыш тұтқасының күйін реттеген кезде әртүрлі беріліс сатыларында баулауға мүмкіндік береді. 1- немесе 2-суреттегідей баяулатқыш тұтқасы: 1-суретте баяулатқыш тұтқасы басқару панелінің ортасында орналасқан, 2-суретте баяулатқыш тұтқасы беріліс ауыстырып қосқышы мен тұраққа қою тежегішінің тұтқасының арасында орналасқан.



1-суреттегі ауыстырып қосқыш тұтқасын жоғары және төмен қарай ауыстырып қосуға болады, жоғарыдан төменге дейінгі баяулатқыш берілістерінің саны: «0», «В», «1», «2», «3», «4», «5»; 1-суреттегі баяулатқыштың тұтқасын солға және оңға ауыстырып қосуға болады, солдан оңға қарай баяулатқыш берілістерінің саны: «0», «В», «1», «2», «3», «4», «5».

Баяулатқыш тұтқасы «0» беріліс санында (күйінде) тұрған кезде баяулатқыш жұмыс істемейді.

Баяулатқыш тұтқасы «В» беріліс санында (күйінде) тұрған кезде автокөлік ылдиға қарай түскен кезде ағымдағы тұрақты жылдамдығымен жүре алады; Акселератор педалі басылған кезде ылдиға қарай қозғалу барысындағы тұрақты жылдамдық функциясы автоматты түрде үзіледі; Акселератор педалі жіберілген кезде ағымдағы жылдамдық қайтадан қосылудан кейінгі қозғалыс жылдамдығына тұрақты жылдамдық ретінде қойылады.

Баяулатқыш тұтқасы «1», «2», «3», «4», «5» беріліс санында (күйінде) тұрған кезде, баяулатқыш тұрақты тежеу сәтіне бағытталып жұмыс істейді, әрбір беріліс санының тежеу сәті 1-кестеде көрсетілген.

Беріліс саны	«1» саны	«2» саны	«3» саны	«4» саны	«5» саны
тежеу сәті (N-m)	700	1400	2100	2800	3500



ЕСКЕРТУ:

- мұз және қар үстінде, сырғанақ жолда, жүктен бос кезде (тек тартқыштар жағдайында), автокөліктің бүйірге сырғуына алып келуі мүмкін жағдайларда баяулатқышты сақтықпен қолданыңыз;
- Егер автокөлік АБС ЕБС тежегіш жүйесімен жабдықталған болса, АБС/ЕБС жүйесі жұмыс істей бастаған кезде баяулатқыш тежегіші әсер етеді немесе үзіледі. Егер АБС/ЕБС жұмысы тоқтатылса, баяулатқыш өзінің бұған дейін жұмыс режиміне (үзілуге дейінгі) қайта келтіріледі.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Егер автокөліктің ағымдағы жылдамдығы белгіленген жылдамдықтан төмен болса, баяулатқыш жұмыс істемейді, жылдамдық белгіленген мәнге жеткен кезде баяулатқыш жұмыс істей бастайды;
- Баяулатқыштың қолданылуы беріліс қорабының жұмысына әсер етпейді; ілінісу ажыраған кезде (жылдамдықты ауыстырып қосу үшін), баяулатқыштың тежеу сәті өзгеріссіз қалады;
- Егер автокөлік ылдиға қарай түсу кезінде баяулатқыштың максималды күшінен көбірек тежеу күшін талап етсе, қозғалтқышпен тежеуді және дөңгелек тежегішін бірге қолданыңыз;
- Ылдиға қарай түсер алдында және түсу кезінде қозғалтқыштың айналымдар жылдамдығы кемінде 1600 айн/мин екеніне көз жеткізу қажет, ілінісуге тек жылдамдықтарды ауыстырып қосу үшін ғана басу қажет. Ылдиға қарай түсу кезінде қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеуіне жол бермеңіз немесе ілінісу педалін баспаңыз, олай етпеген жағдайда қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының жеткілікті деңгейде салқындатылуы кепілдендірілмейді;



Тұрақ тежегішін басқару иінтірегі

Автокөлікті тоқтатқан кезде тұрақ тежегішін қосу үшін осы иінтіректі жоғары қарай тартыңыз, тұрақ тежегішін өшіру үшін осы иінтіректі төмен қарай түсіріңіз, осыдан кейін автокөлікті орнынан қозғауға болады.



Кабинаны аудару

1. Кабинаны көтеру

- 1) Басқару иінтірегін «Көтеру» күйіне қойыңыз.
- 2) Кабинаны аударуды қолмен басқару үшін басқару иінтірегін қол сорғысын басқару иінтірегінің саңылауына сұғыңыз, кабинаны көтеру үшін басқару иінтірегін қайта-қайта жоғары/төмен қозғаңыз.

Кабинаны аударуды электрмен басқару үшін аудару электр қозғалтқышының ауыстырып қосқышын басып, ұстап тұрыңыз, бұл ретте сигналдық зуммер ескерту сигналын береді, кабина көтеріле бастайды.


2. Кабинаны түсіру

- 1) Басқару иінтірегін «Түсіру» күйіне қойыңыз.
- 2) Кабинаны аударуы қолмен басқару үшін басқару иінтірегін қол сорғысын басқару иінтірегінің саңылауына сұғыңыз, кабинаны тірелгенше түсіру үшін басқару иінтірегін жоғары/төмен қайта-қайта қозғаңыз, басқару иінтірегін айтарлықтай кедергі сезілгенше қозғауды жалғастыра беріңіз, штоктың гидроцилиндр корпусына тиісінше кіргізілуіне көз жеткізіңіз.

Кабинаны аударуды электрлі басқару үшін аударудың электр қозғалтқышын басыңыз және ұстап тұрыңыз, бұл ретте сигналдық зуммер ескерту сигналын береді, кабина түсіріле бастайды, сигналдық зуммер кабина тірелгенше түсірілгенге дейін сигнал беруін тоқтатпайды.


3. Кабинаны бұғаттау

Кабинаны түсіру аяқталғаннан кейін басқару иінтірегі бұрынғыша «Түсіру» күйінде тұрады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Кабинаны аудару кезінде автокөлікті тегіс алаңға қою, тұрақ тежегішін басқару иінтірегі жоғары қарай тарту, берілісті ауыстырып қосу иінтірегін бейтарап күйге ауыстыру, кабинаның ішінен барлық бекітілмеген заттарды шығару және есіктерді тиісінше жабу қажет.
2. Кабина айналасында жеткілікті бос кеңістіктің бар болуын тексеріңіз және көз жеткізіңіз. Кабинаның үстінде және оның алдында 1 м-ден бос кеңістік қалдыру қажет.
3. Кабинаны тірелгенше аударғаннан кейін гидроцилиндр жұдырықшасының стопордағы квадрат пішінді саңылауға кигізілгеніне көз жеткізіңіз, осыдан кейін кабинаның астында жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат етіледі (2-суретті қараңыз).
4. Аударылған кабинаны түсіру үшін қол сорғысының иінтірегін «Түсіру» күйіне ауыстырыңыз, егер иінтіректі ауыстыру мүмкін емес болса, кабинаны сәл көтеріңіз, содан кейін кабинаны түсіру үшін иінтіректі бұраңыз.




5. Кабинаны түсірер алдында мотор бөлімінде шүберектердің және өзге де жеңіл тұтанатын заттардың қалып қоймағанына көз жеткізіңіз
6. Кабинаның гидравликалық бұғаттағышы қосылғаннан кейін ғана автокөлікті орнынан қозғауға болады.
7. Жұмыс сұйықтығы ретінде авиациялық УН-10 гидравликалық майын қолданыңыз.




Кеңейткіш бак

Қозғалтқыш пен радиатор суымайынша кеңейткіш бактың қаппағын ашпаңыз. Қаппакты ерте ашу үлкен қысыммен ыстық сұйықтықтың және будың аткылап шығуына алып келуі мүмкін.



РГК май бағы

Автокөлікпен орыннан қозғалмас бұрын майдың деңгейін тексеріңіз, қажет болса, қосымша май құйыңыз, май деңгейі «МАКС» белгісі мен «МИН» белгісінің арасында тұруы тиіс.



Отын бағы люгінің қақпағы

Отын бағы люгінің қақпағын шешіп алу үшін отын бағы люгінің қақпағын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Отын бағы люгінің қақпағы дұрыс жабылып тұруы тиіс, жабылмаған жағдайда отын бағының ішіне су, шаң-тозаң және басқа да заттар кіріп кетуі мүмкін, соның салдарынан қозғалтқыштың ақаулығы орын алуы мүмкін. Отын жүйесінде сәйкес келетін автокөлік дизельдік отыны қолданылуы тиіс.


Электрлі өзгеріс порты

Электр ағытпасы аспаптар тақтасының оң жағында астыңғы тақтайшаның ішкі жағында орналасқан, сымдар жгутында «Арнайы электр ағытпасы» заттаңбасы бар.

қызыл-сары сым үздіксіз қоректендіру тізбегіне жалғанады, жүктеме қуаты 120 Вт-тан аспауы тиіс;


сары-көк сым «ON» күйіне арналған қоректендіру тізбегіне жалғанады, сақтандырғышпен қорғалады, жүктеме қуаты 120 Вт-тан аспауы тиіс; қара сым жермен қосқыш сым болып табылады, жүктеме қуаты 120 Вт-тан аспауы тиіс. Қайта жабдықтауға арналған кез келген сымның көлденең қимасының ауданы кемінде 0.85 мм^2 болуы тиіс.

Біздің компания рұқсат етілмеген қайта жабдықтаудан туындаған шығындар үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.



Жүргізуге дайындау

Автокөлікті тиісінше басқару және жүргізу автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға және отын үнемдеуді арттыруға көмектеседі. Автокөлікті жүргізген кезде ерекше абай болыңыз және автокөлікті ұқыпты ұстаңыз.




Кілттер

Автокөлікке оталдыру жүйесінің, есіктердің құлпын және отын бағының құлпын ашатын екі кілті қосымша беріледі. Кілттерді дұрыс сақтаңыз, әрмен қарай қолдану үшін кілттерді бөлек сақтауға кеңес беріледі. Есіктің құлпын бекіту үшін кілтті есіктің құлпына салыңыз да, қажетті күйге бұраңыз.


✿ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Автокөліктен шыққан кезде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз, оны кабинада қалдырмаңыз.



Есіктің сыртқы тұтқасы

Есікті ашу үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басыңыз.




Ішкі есіктің тұтқасы

Есікті ашу үшін есіктің ішкі тұтқасын сыртқа қарай тартыңыз.



Есікті ішінен құлыптау


Есікті ішінен құлыптау үшін есікті жабыңыз да, түймені басыңыз. Есік құлыпталғаннан кейін құлыптаулы есікті ішкі немесе сыртқы тұтқасының көмегімен ашу мүмкін емес.



Есікті сыртынан құлыптау


Есікті құлыптауды кілтсіз де жүзеге асыруға болады.

Алдымен есікті құлыптау түймесін басыңыз, содан кейін иінтіректің түймесін басыңыз, соңынан есікті дұрыстап жабыңыз.



Орындықты алға/артқа реттеу (тек жүргізуші орындығында)

Орындықты алға/артқа реттеу үшін орындықты бұғаттаудан шығару үшін бұғаттау иінтірегін жоғары қарай тартыңыз, осыдан кейін орындықты қажетті күйге дейін алға немесе артқа жылжытуға болады. Қажетті күйге келтіргеннен кейін реттеу иінтірегін жіберіңіз, реттеу иінтірегі бекітілгенше орындықты бағыттауыштың бойымен алға/артқа ырғаңыз.



Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу


Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін арқалыққа түсетін жүктемені босатып, дененіңді алға еңкейтіңіз, осыдан кейін орындықтың сыртқы жағында орналасқан еңкею бұрышын реттеу иіңтірегін жоғары қарай тартыңыз, арқаңыз орындықтың арқалығына жанасып тұруы тиіс, орындық арқалығының еңкею бұрышын қажетті күйге келтіріңіз. Орындықтың арқалығын қажетті күйде бекіту үшін еңкею бұрышын реттеу иіңтірегін жіберіңіз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуі

Автокөлік үш нүктелі аралас бел-иық белбеуімен жабдықталған.


Жоғарыда көрсетілген қауіпсіздік белбеуін қолдану әдісі туралы қосымша ақпарат алу үшін келесі бөлімді қараңыз, белгіленген талаптарды қатаң сақтаңыз.

1. Жүргізуші орындығының орнын жүргізуші үшін ыңғайлы күйге келтіріңіз, жүргізуші тік отыруы керек, ал оның арқасы орындықтың арқасына толық сүйенуі тиіс.
2. Орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тоғасының ұшын (L) ұстап тұрыңыз, аралас қауіпсіздік белбеуін дененіңдің үстінен тартыңыз. Бұл ретте тоғаның ұшын қауіпсіздік белбеуінің таспасымен бірге тоғаға қарай (B) тартып, ұшын тиісті сырт еткен дыбыс естілгенше, құлыпқа салыңыз.




✿ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Қауіпсіздік белбеуі денеге тығыз тиіп тұруы және төмен күйде болуы тиіс, бұл өте маңызды, өйткені көлік құралының соқтығысуынан пайда болатын қауіпсіздік белбеуінің бел жақтағы бөлігінен келетін күш іш аймағында емес, жамбас аймағында пайда болады. Егер жол апаты болған кезде қауіпсіздік белбеуі тиісінше бекітілмеген болса, бұл ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне әкеп соғуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы мүмкіндігінше төменірек сандарыңыздың үстіне орналасуы тиіс, осыдан кейін қауіпсіздік белбеуінің тоғасының тілшігіндегі саңылаудан өтіп тұрған иық тармағын жоғары қарай өткізіңіз, қауіпсіздік белбеуі бөліңізге тығыз жанасып тұруы тиіс. Бұл көлік апаты болған кезде адам денесінің қауіпсіздік белбеуінен сырғып, шығып кету қаупін азайтады.
- Автокөлік апаты болған кезде жеке жарақаттануды болдырмау мақсатында екі адамға бір қауіпсіздік белбеуін тағуға болмайды. Қауіпсіздік белбеуі таспасының бұралып қалуы немесе орындықтың және есіктің металл бөлшегіне бұралып қысылып қалуына байланысты оның тозып қалуын болдырмаңыз.




• Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының ұзындығы бойынша қажетті күйге дейін автоматты түрде реттелуі қауіпсіздік белбеуінің бел бөлігін қолмен реттеу аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Егер баяу алға қарай еңкейсеңіз, қауіпсіздік белбеуі денеңіздің қозғалысын жеңілдету үшін созылып шығарылуы мүмкін. Шұғыл тоқтау немесе соқтығысу жағдайы туындағанда қауіпсіздік белбеуі бұғатталады. Егер сіз тез қимылмен алға еңкейсеңіз де, қауіпсіздік белбеуі бұғатталады.



• Қауіпсіздік белбеуін пайдалану қажет болмаған жағдайда, қауіпсіздік белбеуі орау құрылғысына тартылады. Қажет болған кезде қауіпсіздік белбеуінің толық тартылуы үшін қауіпсіздік белбеуінің бекіткіш тоғасын орау құрылғысына жылжытуға болады, бұл ретте тоғасының ұшын оңай қол жеткізуге болатын есіктің тіреуіне ілуге болады.

Қауіпсіздік белбеуін тексеру және күтім жасау

- ★ Қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне жол бермеу үшін қауіпсіздік белбеуінің, тоғасының, тоғаның ұшының, қауіпсіздік белбеуін орау құрылғысының, ұстағыштың және басқа элементтердің зақымдалуын/зақымдалмауын үнемі тексеріп отырыңыз.
- ★ Қауіпсіздік белбеуін өткір жиектері бар заттардан және қауіпсіздік белбеуіне зақым келтіруі мүмкін заттардан алыс ұстаңыз.
- ★ Қауіпсіздік белбеуінің кесілуі, босап қалуы, жарылған жерлерінің болуы немесе соққы жүктемесінің әсерінен бұзылуы анықталған жағдайда, қауіпсіздік белбеуін ауыстырыңыз.
- ★ Едендегі ұстағыш бекітпесінің болттары мықтап орнатылғанын тексеріңіз.
- ★ Зақымдалған бөлшектер анықталған жағдайда оларды ауыстыру керек.
- ★ Қауіпсіздік белбеуін таза және құрғақ күйінде ұстаңыз.
- ★ Қауіпсіздік белбеуін аз сілтілі сабынмен және жылы сумен тазалауға рұқсат етіледі.
- ★ Қауіпсіздік белбеуін ағартуға және бояуға болмайды, керісінше болғанда, бұл



Ішкі артқы көрініс айнасы

Реттеу кезінде айнаның басы мен иінтірегінің арасындағы қосылыстың бойымен қажетті күйге дейін белгілі бір бұрышқа бұраңыз.



Сыртқы артқы көрініс айналары

Автокөліктің артындағы және бүйіріндегі жағдайдың жақсы көрінісін қамтамсыз ету үшін сыртқы артқы көрініс айналарын тиісінше реттеңіз.

Алдыңғы төменгі көрініс айнасы

Бұл айна автокөлік алдындағы жолдың көрінісін үлкейтуге арналған.




Бүйірлік көрініс айнасы


Бұл айна автокөліктің оң жағындағы жолдың көрінісін үлкейтуге арналған.

Күнделікті қарап тексеру

Автокөлікті басқарудың жоғары қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін төмендегі тексеру жұмыстарын жүргізу қажет.




Шиналардағы қысымды, шиналардың протекторының зақымдану, тозу белгілерінің болуын/болмауын тексеріңіз.



Дөңгелек сомындарының сенімді бекітілуін тексеріңіз.
Сол жақ және оң жақ дөңгелектерді бекіту сомындары оң жақ бұрандасы бар сомындар болып табылады.




Рессорлардың зақымдану белгілерінің болуын/болмауын тексеріңіз.



Жарықтандыру аспаптарының жұмыстық күйін тексеріңіз.



Аккумулятор электролитінің деңгейін, аккумулятордың зарядталу деңгейі индикаторының жасыл түспен жануын тексеріңіз.




Руль дөңгелегінің еркін жүрісін және сенімді бекітілуін тексеріңіз. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда руль дөңгелегін дөңгелектер жылжи бастағанға дейін солға/оңға бұраңыз, руль дөңгелегінің еркін жүрісін тексеріңіз.



Руль дөңгелегінің еркін жүрісін тексерген кезде алдыңғы дөңгелектерді қозғалыс бағытымен тура қою қажет, руль дөңгелегінің шеңбері бойынша еркін жүріс 20-50 мм-ді құрауы тиіс.

Сонымен қатар сенімді бекітілуін тексеру үшін руль дөңгелегін алға/артқа, солға/оңға бұраңыз.

Қозғалыс кезінде руль дөңгелегінің қиындатылған бұрылысының, өздігінен қозатын тербелістердің, бір жаққа алып кетудің және т.с.с. болуын/болмауын тексеріңіз.




Дыбыстық сигналдың, алдыңғы әйнектің әйнектазалағышының жұмыстық күйін тексеріңіз.


Әйнектазалағыш пен жуғыштың күйін тексерер алдында бірінші кезекте алдыңғы әйнекті тазалап алу, содан кейін жуғыш сұйықтық беру, әйнекжуғыштың бүріккішінің жұмыстық күйін тексеру қажет, әйнектазалағыштың әрбір жұмыс режимінде тиісінше дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.



Құрылғылар мен индикаторлардың жұмыс күйін тексеріңіз.
Шамдардың көмегімен ауыстырып қосқыштар мен индикаторлардың
жұмыстық күйін тексеріңіз.




Отын деңгейінің көрсеткішін бақылаңыз және отын бағындағы отын
деңгейін тексеріңіз.




Ресиверден суды құйып алу
Ресиверден суды құйып алу үшін ресивердің түбіндегі құйып алу кранын ашыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:


Жұмыс аяқталғаннан кейін мұз болып қатуын болдырмау үшін ресивердегі суды құйып алу қажет.



Ілінісу бағындағы сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз.



Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде май қысымының индикаторы мен аккумулятор зарядының индикаторының сөнуін тексеріңіз, егер бұл индикаторлар сөнбесе, себептерін анықтау қажет.




Тежегіш педалінің еркін жүрісі мен дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.
Номиналды еркін жүріс: 9-14 мм




Ілінісу педалінің еркін жүрісін, жұмыстық жүрісі мен дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.

Номиналды еркін жүріс: 15-20 мм



Ресивердегі ауаның қысымын тексеріңіз.

Ауа қысымы көрсеткішінің көрсеткісі қызыл аймаққа өткен-өтпегенін, зуммердің ескерту сигналын беруін не бермеуін тексеріңіз, егер көрсеткі қызыл аймаққа кірмесе және зуммер дыбыстық сигнал беріп тұрса, себептерін анықтау қажет.



Май деңгейі


Май сүңгісін алыңыз да, оны құрғатыңыз, содан кейін оны бастапқы күйіне қайтарыңыз.

Май сүңгісін қайтадан суырып алыңыз да, май деңгейі екі белгінің арасында болуын тексеріңіз. Сонымен қатар май сүңгісі арқылы майдың ластану дәрежесін тексеріңіз.

✿ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Май деңгейін тексерген кезде автокөлікті тегіс алаңға тоқтатыңыз.


Егер қозғалтқыш май деңгейін тексергенге дейін жұмыс істеп тұрған болса, май статикалық күйде болуы үшін қозғалтқышты өшіру және 5 минут күту қажет.



Су сорғысының/айнымалы ток генераторының белбеуі
Белбеудің ортасына 10 кг күшпен басыңыз, белбеудің майысуын
тексеріңіз.



Белбеудің керілуі туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Қозғалтқышты
пайдалану бойынша нұсқаулықты» қараңыз.

Сонымен қатар белбеудің жарылған жерлері мен зақымдардың бар-жоғын
тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Белбеуді ауыстыру кезінде белбеулердің екеуін де жаңасына
ауыстыру қажет.



ГРК бағындағы май деңгейі

ГРК бағындағы май деңгейін тексеріңіз, қажет болса, сәйкес келетін трансмиссиялық майды талап етілетін нормаға дейін қосымша құйыңыз. Егер бактағы май деңгейі «MIN» (МИН) белгісінен төмен болса, бірінші кезекте майдың ағып тұрған жерінің болуын/болмауын тексеріңіз, содан кейін «MAX» (МАКС) белгісіне дейін қосымша май құйыңыз.

Антифриз деңгейі

Антифриз деңгейін тексеріңіз, қажет болса, кеңейткіш бакқа талап етілетін нормаға дейін қосымша антифриз құйыңыз. Кеңейткіш бактағы антифриз деңгейі «MIN» (МИН) белгісінен төмен болса, радиатордан және салқындату жүйесінің бөлшектерінен ағып тұрған жерлердің болуын/болмауын тексеріңіз, содан кейін «MAX» (МАКС) белгісіне дейін қосымша антифриз құйыңыз.

❁ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Антифризді шектен тыс қосымша құюға жол берілмейді, антифриз деңгейі «MAX» (МАКС) белгісінен аспауы тиіс.
2. Қажет болмаса, радиатордың құю аузының қақпағын ашпаңыз.
3. Салқындату сұйықтығын тексеру немесе ауыстыру қозғалтқыш суығаннан кейін жүргізілуі тиіс.




Алдыңғы әйнек жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейі
Алдыңғы әйнекті жуғыштың бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Жуғыш құралдарды немесе өзге ерітінділерді қолдану құбыр өткізгіштердің бітеліп қалуына алып келуі мүмкін, осыған байланысты алдыңғы әйнекті жууға арналған арнайы сұйықтықты пайдалануға ерекше назар аудару қажет.



Аралас ауыстырып қосқышты басып ұстап тұрыңыз, алдыңғы әйнекжуғыштың бүріккішінің жұмыстық күйін тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Бақта сұйықтық болмаған жағдайда электр қозғалтқышты қосуға болмайды.



Ілінісу бағындағы сұйықтық деңгейі

Ілінісу бағындағы сұйықтық деңгейінің үстіңгі және астыңғы белгілердің арасында тұруын тексеріңіз, қажет болса, талап етілген нормаға дейін қосымша сұйықтық құйыңыз.



Несепнәрге арналған бактағы несепнәр деңгейі

Несепнәр деңгейі несепнәрге арналған бактың жалпы көлемінің 30-80 %-ына жеткізілуі тиіс.

Несепнәр бағындағы несепнәр деңгейін тексеріңіз.

Пайдаланушылық күйдегі несепнәр ерітіндісінің деңгейін тексеріңіз, деңгей несепнәр бағының жалпы көлемінің 30-дан 80 %-ға дейінгі деңгейде ұсталуы тиіс, жеткіліксіз болған жағдайда, уақтылы қосымша құю қажет; сұйықтықтың белгіленген деңгейінен асырып шектен тыс құюға болмайды, құйған жағдайда бұл несепнәрдің төгілуіне алып келеді.

Несепнәрдің жетіспеушілігінің қаупі:

Автокөлікті (көлік құралын) несепнәрсіз жүргізу заңсыз болып табылады!

Несепнәрсіз жұмыс шектен тыс газдардың бөлінуіне, OBD дабылына, қозғалтқыштың ақаулығы туралы хабардың пайда болуына алып келуі мүмкін, бұл қозғалтқыштың айналдыру сәтін шектейтін болады.




Мұржадан шыққан түтіннің түсі
Қозғалтқышты оталдырар алдында қыздырып алғаннан кейін мұржадан
шыққан түтіннің түсін тексеру қажет.
Түссіз немесе көк түтін: толық жану (қалыпты)
Қара түтін: толық жанбау
Ақ түтін: майдың орынсыз жануы немесе қозғалтқыштың оталдырар
алдында жеткіліксіз қыздырылуы.

Төтенше жағдайлар туындаған кездегі сақтық шаралары
Қозғалтқышты көмекші АҚБ көмегімен оталдыру

АҚБ заряды отырған автокөлікті оталдыру бірдей номиналды кернеуі бар көмекші АҚБ көмегімен жүзеге
асырыла алады, яғни кернеуі 24 В көмекші АҚБ қолдану қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ:


АҚБ-мен жұмыс істеген кезде, АҚБ жарылған кезде және аккумулятор қышқылы тұтанған кезде пайда
болатын электр ұшқындарынан туындаған ауыр жарақаттардан, автокөлікке және электр элементтеріне
зақым келтіруден сақтану үшін абай болыңыз.



Оқшауланған стартер қысқышы бар жуан сым қолдану қажет (көлденең қимасының ауданы кемінде 30 мм²).

Дайындау

1. Зарядталған АҚБ-сы бар автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз.
2. Кабельдерді келесі талаптарға сәйкес жалғаңыз:
 - (1) Қозғалтқышты оталдыру номиналды кернеуі бірдей (24 В) көмекші АҚБ-ның көмегімен жүргізілуі тиіс.
 - (2) Кабельді жалғағыштарды келесі тәртіпке сәйкес жалғаңыз.
 - ① Заряды толығымен отырған АҚБ-ның оң клеммасы.
 - ② Көмекші АҚБ-ның оң клеммасы.
 - ③ Көмекші АҚБ-ның теріс клеммасы.
 - ④ Заряды отырған АҚБ-ның шассіінің жермен қосқыш сымын жалғаған кезде жермен қосқыш сымды мүмкіндігінше заряды отырған АҚБ-дан алысырақ ұстаңыз, клемманы жалғаған кезде ұшқын түзілуі мүмкін. (3) Кабельді жалғағыштарды жалғағаннан кейін автокөліктің қозғалтқышын зарядталған АҚБ-дан оталдырыңыз.
 - (4) АҚБ зарядталған автокөлік қозғалтқышының айналу жиілігін арттырыңыз, содан кейін АҚБ қуаты толығымен таусылған автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз.



(5) Қозғалтқыш сәтті оталғаннан кейін жалғауға кері тәртіпке сәйкес кабельді жалғағыштарды ажыратыңыз.

Кабельдерді оң және теріс терминалдар арасында жалғауға қатаң тыйым салынады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде кабельдерді ажыратуға болмайды, олай болмаса, бұл электр жүйесінің ақаулығына әкеп соғуы мүмкін.

Қолдаушы белдік (опция)

Пневматикалық аспа түймесі

Автокөлікке жүк тиелмеген күйде түйме басылмаған, көтергіш жастықта және тежегіш камерасында қысым жоқ, яғни жүктелмеген күйде белдікті қосу сервожетегі тежелу әрекетін жасамайды. Пневматикалық аспа түймесін басқан кезде көтергіш жастыққа жел үрлене бастайды, түймені қайта басқан кезде пневматикалық аспадан жел шығарыла бастайды.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

Автокөлікке жүк тиелмеген күйде, яғни жастыққа жүктемес түспей тұрғанда пневматикалық рессорға жел үрлеуге болмайды, үрлеген жағдайда бұл автокөліктің артқы белдігінің дөңгелектерінің бос айналуына алып келуі мүмкін.

понтонды белдік (қалқыма белдік)

қалқыма белдік 2 түрді қамтиды – ортаңғы-артқы қалқыма белдік және ортаңғы қалқыма белдік, артқы қалқыма белдіктің көтермелі белдігі – үшінші белдік, ортаңғы белдіктің көтермелі белдігі – екінші белдік, артқы қалқыма белдік әдетте көтеру күйінде болады, қалқыма белдіктің бақылау ажыратқышын басқан кезде, артқы қалқыма белдік көтерілген күйге ауысады. Ал ортаңғы қалқыма белдік әдетте көтерілген күйде тұрады, қалқыма белдіктің бақылау ажыратқышын басқан кезде, ортаңғы қалқыма белдік көтеруші күйге ауысады; қалқыма белдіктің ажыратқышы төменде суретте көрсетілген:



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Қалқыма белдіктің бақылау ажыратқышын басқарған кезде құбыр өткізгіштердің атмосфералық (барометриялық) қысымы қалыпты күйде болуы тиіс.
- Қалқыма белдік көтеру күйінде тұрған кезде артқы жүріс берілісі қосылғанда ортаңғы қалқыма белдік автоматты түрде көтеруші күйінен көтерілген күйге ауысады; артқы жүріс берілісі өшірілген кезде ортаңғы қалқыма белдік автоматты түрде көтерілген күйден көтеруші күйге ауысады



ЕСКЕРТУ:

- Автокөлік бос жүріспен жүргенде немесе жартылай жүк тиелген күйде болса, қалқыма белдік міндетті түрде көтерілген күйде болуы тиіс;
 - Автокөлікке толық жүк тиелген жағдайда қалқыма белдікті түсіріңіз;
- Дұрыс пайдаланбаудың салдарынан туындаған кез келген салдарлар үшін пайдаланушы өзі жауапкершілік көтереді.


Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары

Тиісті күтім және көлік жүргізу автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға және майды және отынды үнемдеуді арттыруға көмектеседі.




Қозғалтқышты оталдыруға дайындық

1. Тұрақ тежегішін басқару иінтірегінің «Тежелу» күйінде тұрғанын тексеріңіз (тартқыш жағдайында қолмен істейтін жетегі бар тіркемеге арналған тежегіш қраны жиынтығының күйін тексеру қажет).



2. Берілісті ауыстырып қосу иінтірегін бейтарап күйге ауыстырыңыз.



Қозғалтқышты оталдыру

1. Қоректендіру көзінің бас ажыратқышын жалғаңыз, берілісті ауыстырып қосу иінтірегінің бейтарап күйде, тұрақ тежегішін басқару иінтірегінің «Тежелу» күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Кілтті оталдыру құлпына салыңыз, оталдыру жүйесінің кілтін «ON» күйіне бұраған кезде аккумулятор зарядының индикаторы мен май қысымының индикаторы жанады. Оталдыру жүйесінің кілтін «START» күйіне бұраған кезде қозғалтқыш оталады. Қозғалтқыш сәтті оталғаннан кейін аталған индикаторлар сөнеді. Оталдыру кезінде акселератор педалін тез басып қалуға болмайды.

Күй	Функция
ACC	«Көмекші электр жабдықтар» күйі – бұл күйде автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде, мысалы, радиоқабылдағыш және т.б. секілді көмекші электр энергиясын тұтынушыларды жалғауға болады.
ON	«ҚОСУ» күйі – бұл күйде автокөліктің оталдыру жүйесі қосулы тұрған кезде, мысалы, аспаптар, жылытқыш, әйнектазалағыш және т.с.с. электр жабдықтарын жалғауға болады.
START	«Оталдыру» күйі – бұл күйде қозғалтқышты оталдыруға болады, қозғалтқыш сәтті оталғаннан кейін кілтті жіберіңіз, ол автоматты түрде «ON» күйіне қайтып оралады.




АБАЙЛАҢЫЗ:

- Төмен температура жағдайында (қозғалтқышты салқындату жүйесіндегі салқындату сұйықтығының температурасы 0 °C-тан төмен) қозғалтқышты оталдыру автоматты шырақты-қыздыру құрылғысының көмегімен жүргізілуі тиіс, төменде оталдыру тәртібі келтірілген:
- Оталдыру жүйесінің кілтін «START» күйіне бұраңыз, бұл ретте алдын ала қыздыру индикаторы жанады, отын-ауа қоспасы тұтандыру білтесінің көмегімен тұтанады, одан негізгі шырақ тұтанады, кіргізілетін ауа қыздырылады. Қозғалтқыш сәтті оталғаннан кейін кілтті жіберіңіз, ол автоматты түрде «ON» күйіне қайтып оралады. Егер қозғалтқыш оталмаса, 2 минут күте тұрыңыз, содан кейін оталдыру әрекетін қайталаңыз.



Акселераторды қолмен басқару тартқышының тұтқасы [(Еуро-3/Еуро-4) қозғалтқышы бар модельде бұл тұтқа қолданылмайды]

Акселераторды қолмен басқарудың тартқыш тұтқасының көмегімен акселератор педалін басу бұрышын реттеңіз.



Қозғалтқышты тоқтату

Қозғалтқышты өшіру үшін оталдыру кілтін «ON» күйінен «LOCK» күйіне бұраңыз.

Турбоайдауышы бар қозғалтқышты басқару



Айдауышы жоқ қозғалтқышты турбоайдауышы бар қозғалтқышқа ауыстыру қозғалтқыштың техникалық сипаттамаларын жақсартуға мүмкіндік береді, алайда бұл бірдей ось жүктемелерін және автокөліктің рұқсат етілген жалпы массасын сақтауды талап етеді. Шамадан тыс жүк тиеуге және негіздің созылуына жол бермеңіз, олай болмаған жағдайда қауіп-қатер туындайды, тораптар мен бөлшектер мезгілінен бұрын тозуы, зақымдалуы мүмкін.

Қозғалтқышты қалыпты жағдайларда оталдыру

Турбоайдауышы бар қозғалтқыш сәтті оталдырылған жағдайда айдауыш мойынтіректері мен айналып тұрған бөлшектер жеткілікті түрде майланбайды, осыған байланысты қозғалтқыштың бос жүрістің жоғары айналымдарымен жұмыс істеуіне жол бермеңіз, қозғалтқышты кемінде 3 минут бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз.

Қозғалтқышты тоқтату

Сапардан кейін қозғалтқышты бірден өшіруге болмайды, қозғалтқышты суығанша кемінде 3 минут бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз. Бұл қозғалтқышты тоқтатқаннан кейін май қысымы жоқ кезде турбоайдауыштың жоғары айналымдармен жұмыс істеуін, мойынтіректер мен тығыздамалардың зақымдалуын болдырмау үшін турбоайдауышқа төмен айналымдармен жұмыс істеуге, турбоайдауыштың мойынтіректерінің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.




Дөңгелек аралық дифференциалды бұғаттауды басқару

Дөңгелек аралық дифференциалды бұғаттау: балшықты немесе нашар жолда қозғалған кезде дөңгелек аралық дифференциалды бұғаттауды қосу қажет болса, дөңгелек аралық дифференциалды бұғаттауды автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде (немесе автокөлік 5 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен қозғалып жатқан кезде) қосқан жөн, дөңгелек аралық дифференциалды бұғаттауды қосу аспаптар тақтасындағы дөңгелек аралық дифференциалды бұғаттаудың пернелі ауыстырып қосқышының көмегімен жүзеге асырылады, дифференциалды бұғаттаудың пернелі ауыстырып қосқышын басыңыз, дифференциалды бұғаттау қосылған кезде бірінші кезекте ілінісуді өшіру қажет. Пернелі ауыстырып қосқышты қосқан кезде индикатор жанады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

Жолдың нашар бөлігінен өткеннен кейін дифференциалды бұғаттауды уақтылы өшіру қажет.




Автокөліктің орнынан қозғалуы

1. Техникалық қарап тексеру рәсімдеріне сәйкес барлық құрылғылардың жұмыстық күйін тексеріңіз.
Ауаның қысымы 6 кг/см^2 -ден төмен болған жағдайда автокөлікті орнынан қозғауға болмайды.
2. Тұрақ тежегішін басқару інтірегі тірелгенше түсіріңіз.

Автокөлікті тұраққа қою

1. Барлық жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқыштары мен бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосқыштарының тиісінше өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін фаралар, бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары мен габарит шамдары бұрынғыша жанып тұра беруі мүмкін.
2. Тұрақ тежегішін басқару інтірегін жоғары қарай тартыңыз (тартқыш жағдайында қолмен істейтін жетегі бар тіркемеге арналған тежегіш қранының жиынтығын жоғары қарай тарту қажет). Автокөлікті беткейде қараусыз тұраққа қалдырған кезде дөңгелектердің астына сына тіреуіш қойыңыз.



Көлікті жүргізген кездегі сақтық шаралары

1. Қозғалтқыштың істен шығуын болдырмаңыз.

Ылдиға қарай қозғалған кезде, қозғалтқыштың өшіп қалуын болдырмау үшін ерекше сақ болыңыз. Атап айтқанда төмендетілген беріліске ауыстыру кезінде қозғалтқыш өшіп қалуы мүмкін.



2. Автокөліктің қозғалысы кезінде бөгде шуылдар немесе қозғалыстар пайда болған жағдайда, автокөлікті тоқтату және ақаулықтың себебін анықтау қажет.




3. Автокөліктің қозғалысы кезінде индикаторларда немесе аспаптарда проблемалар пайда болса, көлікті тоқтату және ақаулықтың себебін анықтау қажет.



4. Қажетсіз жылдамдықты шұғыл үдету және кілт тежелу әрекеттеріне жол бермеңіз.



5. Автокөліктің қозғалысы кезінде аяғыңызды ілінісу педаліне қоймаңыз, бұл ілінісудің толық емес ажыратылуына және соның салдарынан ілінісудің үйкелетін жапсырмаларының мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.





6. Алдыңғы жүрістен артқы жүріске және керісінше ауыстырып қосу автокөлік толық тоқтағаннан кейін жүргізілуі тиіс.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Автокөліктің қозғалысы кезінде берілісті өшірген күйі еркін жүріспен жүруге болмайды.




7. Өрге қарай қозғалысты бастамас бұрын қозғалтқыштың шамадан тыс жүктелуін болдырмау үшін алдын ала төмендетілген берілісті ауыстырып қосу қажет.

8. Ылдиға қарай ұзақ жолмен қозғалғанда төмендетілген берілісті қосу, қозғалтқыштың тежегіш-бауялатқышын тежегіш педалімен және мұржа тежегішімен бірге пайдалану қажет. Тежегіш педалін ұзақ басу тежегіштің қызып кетуіне алып келуі мүмкін, нәтижесінде тежегіш істен шығуы мүмкін. Жаңбырлы күні тежелгенде дөңгелектердің тайғанауын болдырмау үшін жақсы тежелу тиімділігін қамтамасыз ету үшін мұржа тежегішін пайдалануға кеңес беріледі.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

БАҚ бейтарап күйде тұрған кезде қозғалтқыштың өздігінен өшіп қалуын және жазатайым жағдайларды болдырмау үшін мұржа тежегішін пайдалануға болмайды.




9. Қайраңдардан немесе шалшық сулардан өткен кезде ерекше сақ болыңыз, абайсызда ауа өткізгіштерге су кіруі, оның нәтижесінде қозғалтқыштың күрделі ақаулығы туындауы мүмкін. Судан өткеннен кейін қозғалтқыштағы, БАҚ-тағы және артқы белдіктегі майда судың болмауын тексеру қажет.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

Майға су қосылып кеткен жағдайда суды кетіріңіз және сәйкес келетін трансмиссиялық майды қосымша құйыңыз.



10. Қатты жаңбырда қозғалыс кезінде немесе шалшықтан өткенде ерекше абай болыңыз. Тежегіштердің су болуы уақытша тежелу тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.




Үнемді жүргізу


1.Қажетсіз кезде жоғары жылдамдықпен немесе қосылған жоғарылатылған беріліспен төмен жылдамдықпен қозғалу шектен тыс отын шығынына алып келуі мүмкін.



2.Қосылған ең жоғарғы немесе жоғарылататын беріліспен қозғалу кезінде мүмкіндігінше тұрақты жылдамдықты ұстап отыру қажет.



3. Автокөліктің қозғалысы кезінде салқындату сұйықтығының температурасын рұқсат етілген жұмыстық ауқымда ұстау қажет.



4. Жеткіліксіз үрленген шиналар отын үнемділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.



Автокөлікті жаз мезгілінде пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

Қоршаған ортаның температурасы жоғары болған кезде қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Қозғалтқыштың қызып кетуін болдырмау үшін келесі талаптарды сақтау қажет.

Радиаторда және өзге элементтерде таттың түзілуін және қақтың жиналуын болдырмау үшін қозғалтқышты салқындату жүйесіне құдық суын, өзен суын және кермек суларды құюға болмайды.



Радиатор пластиналарына жәндіктердің, балшықтың немесе басқа да заттардың жабысуы салқындату жүйесінің жұмыс қабілеттілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Радиатор пластиналарының ластанып бітелуін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз, қажет болса, радиатор пластиналарын атқылаған сумен жуыңыз.



Автокөлікті қыз мезгілінде пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

Қозғалтқышты шектен тыс мұздаудан қорғау

Қозғалтқыштың шектен тыс мұздауы қозғалтқыштың негізгі тораптары мен бөлшектерінің жедел тозуына, отын үнемділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.


Қажеттігіне қарай жылу оқшаулағыш қаптама пайдаланыңыз.

Жылу оқшаулағыш қаптама пайдаланған кезде қозғалтқыштың қызып кетуін болдырмау үшін салқындату сұйықтығының температурасының көрсеткіштерін үнемі қадағалап отыру қажет.



Антифриз қолдану

Қозғалтқыштағы салқындату сұйықтығының қату температурасы антифриздің сумен араластыру пропорциясына байланысты анықталады.



1.Антифризді сумен араластыру пропорциясын схемаға сәйкес анықтауға болады. Араластыру пропорциясын анықтау кезінде антифриздің кату температурасы қоршаған ортаның минималды температурасынан 5-10 °C-қа төмен болуы тиіс екендігіне назар аударыңыз.




2.Антифризді қоспас бұрын радиаторды қоса алғанда салқындату жүйесінің ішкі бөліктерін толығымен жуғыш құралмен тазалап алу қажет.
3.Зақымдалған құбыршектерді жаңаларына ауыстырыңыз, антифризді қолдану барысында тіпті ұсақ сызаттардың өзі қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының жылыстауына алып келуі мүмкін.



Мотор майы

Мотор майы температура төмендеген сайын қоюланады; қоршаған орта температурасына байланысты көрсетілген тұтқырлығы бар мотор майын пайдалану қажет.



АКБ

АКБ-ның заряд деңгейі температура төмендеген сайын төмендейді, АКБ-ның разрядталу жылдамдығы артқан сайын электролиттің тығыздығы төмендейді. осыған байланысты АКБ-ны қатып қалудан қорғауға қажетті шараларды қолдану қажет.

Қатаң климат жағдайларында (температура -15°C -тан төмен) төмен температураларда қозғалтқышты оталдыру мүмкіндігін жоғарылату үшін АКБ-ны сыйымдылығы бірдей төмен температуралы АКБ-ға ауыстыру қажет.



Қоюлану температурасы төмен дизельдік отын

Автокөлікті қатаң климат жағдайларында пайдаланғанда жылдың суық мезгілінде қоюлану температурасы салыстырмалы түрде жоғары дизельдік отынды пайдалану қатып қалуға алып келуі мүмкін. Отын бағындағы және қоректендіру өткізгіштеріндегі дизельдік отын қоршаған орта температурасы төмендеген сайын қата бастайды, мұның нәтижесінде қозғалтқыштың қиын оталуы және өзге де ақаулықтар туындауы мүмкін. Осыған байланысты ыстық аймақтардан суық аймақтарға ауысқан кезде суық аймақтарда сатылатын қоюлану температурасы төмен дизельдік отын құйған жөн.

Мұз бен қарда жүргізу

1. Сырғуға қарсы шынжырларды немесе тікенекті шиналарды пайдалану ұсынылады.







2. Қажетсіз жоғары жылдамдықты қозғалыстан, күрт үдеулерден, шұғыл тежелулерден және бұрылулардан сақ болыңыз.



3. Қозғалтқышпен тежелудің тиісті тиімділігін қамтамасыз ету үшін төмендетілген берілісті қосыңыз. Тежегіш педалін орынды пайдалану қажет.



4. Жүріп келе жатқан кезде, алда келе жатқан көлік құралына дейін жеткілікті қашықтықты сақтаңыз.




Автокөлікті апаттық тоқтату

1. Егер қандай да бір себептерге байланысты автокөлікті уақытша тоқтату қажет болған жағдайда, автокөлікті жолдың оң жақ шетіне жақын тоқтатуға тырысыңыз, автокөлікті жолдың жүріс бөлігінде тоқтатуға рұқсат етілмейді.




2. Тұрақ тежегішін басқару интірегін жоғары тартыңыз, күндізгі және түнгі уақытта апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.



1. Автокөлікті алдынан сүйрету

Автокөлікті алдынан сүйрету кезінде автокөлікті барлық дөңгелектері жерге қойылған немесе алдыңғы дөңгелектері көтерілген күйде сүйреу қажет.

Егер қозғалысты басқару құралдары қалыпты жұмыс істеп тұрса, ақаулы автокөлікті барлық дөңгелектері жерге қойылған күйі сүйреткен жөн. Бұл ретте РГК жұмыс істемейді. Егер тежегіш жүйесіндегі ауаның қысымы тым төмен болса, автокөліктің тежеу жүйесі істен шығады. Сүйреуші автокөліктің пневможетегін ақаулы автокөлікке жалғау немесе серіппелі типті тежегішті өшіру және қатты тіркегішпен сүйреу қажет.




Артқы белдіктің жетек білігін белдіктің фланецінен ажыратыңыз, БАҚ-тың зақымдалуын болдырмау үшін жетек білігін рамаға немесе көлденең белдікке бекітіп қойыңыз.

Артқы белдіктің зақымдалуы анықталған немесе зақымдалудың туындау ықтималдығы болған жағдайда жетек білігін жаңасына ауыстыру қажет. Майдың төгілуіне, шаң-тозаңның және өзге де бөгде заттардың кіруіне жол бермеу үшін төлке кигізіп қойыңыз.



ЕСКЕРТУ:


Автокөліктің сүйрету құрылғысы тек қалыпты жол жағдайларында және номиналды жүктемеге сай қолданылуы тиіс; егер автокөлік екі сүйреу құлақшаларымен жабдықталған болса, сүйреу кезінде сүйреу құлақшаларының екеуін де пайдалану және жүктеменің сүйреу құлақшаларының екеуіне де біркелкі үлестірілуіне көз жеткізу қажет; дөңгелек шұңқырға түсіп кеткенде немесе дөңес жерге соғылғанда және т.с.с. сүйреу жүкті түсіргеннен кейін жүргізілуі тиіс; егер жүкті түсіргеннен кейін сүйреу қиындығы пайда болса, немесе жүкті түсіру қолайсыз болса, сүйреу бойынша мамандандырылған ұйымға хабарласыңыз, автокөліктің зақымдалуына жол бермеу үшін мәжбүрлеп сүйреуге рұқсат етілмейді!



2. Автокөлікті артынан сүйрету

Автокөлікті артынан сүйрету кезінде автокөлікті көтерілген артқы дөңгелектерімен сүйреу қажет.

Басқарылатын дөңгелектерді бекітіңіз, дөңгелектерді түзу бойынша қозғалу күйіне қойыңыз.



3. Егер ауаның қысымы төмен болса, серіппелі типті алдыңғы және артқы тежегіштерді қолмен босатуға болады. Төменде тежегіштерді қолмен босату тәртібі келтірілген:

- 1) Тежеу осі жағынан стопорлық шпилька мен сомынды шешіп алыңыз.
- 2) Артқы белдіктен резеңке қалпақшасын шешіп алыңыз.
- 3) Стопорлық шпильканы сомынмен және жалпақ шайбамен бірге белдікке салыңыз (резеңке қалпақша шешілгеннен кейін), осыдан кейін сағат тілінің бағытымен $1/4$ айналымға бұраңыз. Босатылған тежегіш шлюзінің кедергісін төмендету үшін шпильканың сомынын сомын кілтінің көмегімен бірнеше айналымға бұраңыз. Винттің шығу ұзындығы 70 мм-ден асқан кезде




серіппелі типті тежегіш босатылуы мүмкін.

4) Тежегіш цилиндрінің артқы бөлігін бекіту сомынын сағат тілінің бағытымен бұраңыз.



5) Винттің шығу ұзындығы шамамен 70 мм-ді құраған кезде, серіппелі типті тежегіш босатылуы мүмкін. Серіппелі типті тежегіш босату кезінде дөңгелектердің астына сына тіреуіштер қою қажет.

Осыдан кейін сүйреу сымарқанын (сақтандырғыш шынжырды немесе арқанды) сүйреуші автокөлікке және ақаулы автокөліктің сүйреу құлақшасына іліңіз.



Алдыңғы осьті домкратпен көтеру:


Домкратты (суретте көрсетілгендей) алдыңғы осьтің рессорының артқы бөлігінің астына қойыңыз, торсионға жанасуын жол бермеуге ерекше назар аудару қажет.



Артқы осьті домкратпен көтеру:


1. Біреулік артқы белдігі бар автокөліктерде домкратты автокөліктің артқы белдігінің рессорының астына қою қажет, домкратты дифференциалдың астына қоюға қатаң тыйым салынады.
2. Екеулік артқы белдігі бар автокөліктерде домкратты осьтік түтікшенің астына қою қажет, егер желі шыққан шинаны ауыстыру кезінде алдыңғы осьтің домкратты тіреу нүктесінің астына жылжыту мүмкін болмаса, онда алдыңғы белдіктің астына алдын ала төрт бұрышты тақтайша қою қажет:

- (1) Тұрақ тежегішін басқару иінтірегін тірелгенше жоғары қарай тартыңыз, осыдан кейін автокөліктің домкратпен көтерілетін бұрышына қатысты диагональ бойынша орналасқан дөңгелекті сенімді етіп бекітіңіз.
- (2) Домкратты алдыңғы белдіктің артқы бөлігінің астына қойыңыз, содан кейін алдыңғы белдікті көтеріңіз. Бұл ретте домкраттың алдыңғы белдіктің домкратпен көтеру нүктесінің астында дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
- (3) Алдыңғы белдіктің астына квадрат пішінді тақтайша қойыңыз, алдыңғы белдіктің квадрат пішінді тақтайшамен тиісінше домкратталуына көз жеткізіңіз, осыдан кейін домкратты рессордың астынан шығарып алыңыз.
- (4) Домкратты домкратпен көтеру нүктесінің астына қойыңыз, алдыңғы белдікті шинаны шешіп алу үшін қажетті биіктікке дейін қайтадан көтеріңіз.



Рессордың төменгі бөлігінің майысуы байқалған жағдайда алдыңғы белдікті абайлап көтеру қажет.

Көтерілген автокөліктің сенімді бекітілуін қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше үлкенірек өлшемді квадрат пішінді тақтайшаларды пайдалану қажет.




Домкратты пайдаланған кездегі сақтық шаралары

Көтеру:

Ауыр жүк көлігін домкратпен көтеру нүктесі домкраттың басынан асып тұрса, домкраттың басын шығару үшін теріс бағытқа бұрыңыз.

Суретте көрсетілгендей, домкраттың тұтқасын салыңыз, содан кейін тұтқаны жоғары/ төмен қарай ауыстыңыз.




Түсіру:

Домкраттың тұтқасы суретте көрсетілген күйде болған кезде, ауаны шығару бұрамасын теріс бағытқа ақырын босатыңыз.

Автокөлікті беткейде немесе жұмсақ жер бетінде домкратпен көтеруге қатаң тыйым салынады, көтерілген жағдайда үлкен қауіп-қатер туындауы мүмкін.

Автокөлікті домкратпен көтерудің белгіленген нүктелерінен кез келген басқа нүктеде домкратпен көтеруге жол берілмейді.




Қосалқы дөңгелек ұстағышын пайдалану

1. Қосалқы дөңгелектің тұтқасын жалғағыш шынжырды тартқанша винт басының саңылауына сұғыңыз.

2. Қосалқы дөңгелектің және қосалқы дөңгелек ұстағышының 3 болты мен бекіту сомындарын босатыңыз.

3. Қосалқы дөңгелектің тұтқасын баяу бұраңыз, қосалқы дөңгелекті түсіріңіз, қосалқы дөңгелекті шетіне қарай шығарып алыңыз, ұстағышты қосалқы дөңгелектен ағытыңыз.

4. Дөңгелек ауыстырылғаннан кейін қосалқы дөңгелекті ұстағышқа орнатыңыз, қосалқы дөңгелекті тұтқаның көмегімен баяу көтеріңіз.



5. Қосалқы дөңгелекті 3 бекіту болтының көмегімен бекітіңіз, болттардың бұрап қатыру сәті 250-280 Нм-ді құрайды.

✿ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**

- (1) Қосалқы дөңгелек ұстағышын пайдаланбас бұрын жалғағыш шынжырды тазалап алыңыз, қажет болса, шынжырға сәйкес жағармай жағыңыз.
- (2) Қосалқы дөңгелектің сенімді бекітілуін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.




Шинаны ауыстыру

1. Дөңгелекті көтеріп, дөңгелек сомындары мен дөңгелекті шешіп алыңыз, содан кейін қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.

✿ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**

Шпилькалар екіінді шиналарды бекіту үшін қолданылады, осыған байланысты шинаны ауыстыру кезінде ерекше мұқият болыңыз. Дөңгелекті ауыстыру кезінде бірінше кезекте шинаға арналған вентильдің төмен қарай бағытталғанына көз жеткізіңіз, осыдан кейін шешіп алу және орнату жұмыстарын жүргізіңіз.



2. Дөңгелек штифттерін және дөңгелек сомындарын тазалаңыз, бұрандасына май жағыңыз.

Бірінші кезекте дөңгелек сомындарын орнатыңыз және оларды тиісті түрде жеңіл бұрап қатырыңыз, содан кейін дөңгелекті жерге қойыңыз.

3. Дөңгелек сомындарын дөңгелек кілтінің көмегімен суретте көрсетілген ретпен бұрап қатырыңыз, дөңгелек сомындарының бұрап қатыру сәті 590-680 Нм-ді құрайды.

4. Шинаны монтаждау кезінде шиналардағы қысымды реттеуді жеңілдету үшін ішкі және сыртқы жақтағы шиналардың вентильдерінің орналасқан жерін реттеңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ:

Дөңгелек сомындарына жүйелі түрде күтім жасау және қарап тексеру қажет.

1. Алғашқы 1000 км жүрілген жолдан кейін дөңгелек сомындарын берілген сәтпен қайтадан бұрап қатыру қажет.

2. Осыдан кейін жүрілген әр 5000 км сайын немесе ай сайын дөңгелек сомындарын тексеріп және қатырып отырыңыз.

3. Дөңгелек сомындарын шинаны ауыстыру аяқталған сәттен бастап 50-100 км жүрілген жолдан кейін қайтадан бұрап қатыру қажет.



Көп сатылы БАҚ-ты басқару

Берілістерді ауыстыру

Берілістерді ауыстыруды басқару тәртібі әдеттегі берілістерді ауыстыруды басқару тәртібімен бірдей.

Үлестіру қорабы жоғары және төмен диапазондарда ауыстырып қосу үшін қолданылады.

Мысалы: 4L→4H

1. Көмекші БАҚ берілістерді ауыстырып қосқышын «H» не «L» күйіне ауыстырыңыз.

2. Акселератор педалін жіберіңіз, ілінісу педалін басыңыз және ұстап тұрыңыз, бұл ретте автоматты түрде жоғарылатылған немесе

төмендетілген беріліске ауысу орын алады. «» немесе «» белгісі бар индикатордың жанып не жанбай тұрғанын тексеріңіз.

БАҚ-ты және үлестіру қорабын бірге басқару

Ауыстырып қосқыштардың көмегімен берілістерді бірге ауыстыру

Мысалы: 4L→5H не 4L←5H

1. Көмекші БАҚ берілістерді ауыстырып қосқышын «H» не «L» күйіне ауыстырыңыз.

2. Акселератор педалін жіберіңіз, ілінісу педалін басыңыз және ұстап тұрыңыз, бұл ретте автоматты түрде жоғарылатылған немесе төмендетілген беріліске ауысу орын алады.

Берілістерді ауыстыру кезінде автоматты түрде жануы тиіс «  » немесе «  » белгісі бар индикатордың күйін бақылаңыз.

3. Берілісті ауыстырып қосу иінтірегін қажетті күйге ауыстырыңыз.

Үнемді жүргізу бойынша келесі талаптарды орындаңыз.

1. Қозғалыс кезінде қозғалтқышты орташа айналымдармен жұмыс істетіңіз.
2. Жоғарылатылған берілістермен жүруге тырысыңыз.
3. Кез келген жол жағдайларында ықтимал төтенше жағдайларға жауап беру үнемі дайын болыңыз.
4. Қажетсіз тежелу және үдеу әрекеттеріне жол бермеңіз.

Берілістерді ауыстыру тәртібі және ауыстыру кезіндегі сақтық шаралары

1. Қозғалыс кезінде берілістерді ауыстыру кезінде ілінісуді толықтай ажырату қажет.
2. Берілістерді кілт ауыстыруға болмайды, берілісті ауыстырып қосу иінтірегін белгілі бір беріліс тиісінше қосылғанша жайымен ауыстыру қажет.
3. Ілінісу педалін баспас бұрын көмекші БАҚ-тың берілістерді ауыстырып қосқышын «Н» күйінен «L» күйіне ауыстырыңыз.
4. Жоғарылатылған берілістен төмендетілген беріліске ауыстырып қосқан кезде қозғалтқыштың айналу жиілігінің 1800 айн/мин-тан төмен екеніне көз жеткізіңіз.



Тахометр көрсеткіштерін қадағалаңыз, берілістерді ауыстыру аяқталғаннан кейін қозғалтқыш анағұрлым жоғары айналымдармен жұмыс істейтін болады.

5. Ілінісу педалі басылған жағдайда қоспағанда берілістерді ауыстыру көмекші БАҚ-тың берілістерді ауыстырып қосқышы дұрыс ауыстырылмаған жағдайда жүзеге асырыла алмайды. Берілісті ауыстырып қосу иінтірегiнiң дұрыс емес күйде тұрғанын байқаған жағдайда кiдiрмeстeн oны бастапқы күйге ауыстыру қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

1. Толық жүк артылған автокөлікпен орыннан қозғалу бірінші берілісте немесе сырғымалы берілісте жүргізілуі тиіс!
2. Сырғымалы беріліс беткейде қозғалу үшін, толық жүк тиелген автокөлікпен орыннан қозғалу немесе күрделі жол жағдайларында қозғалу үшін қолданылады.
3. Артқы жүріске немесе сырғымалы беріліске ауыстыру тек қозғалыссыз тұрған автокөлікте жүзеге асырылуы тиіс.



Тіркегіш құрылғыны жалғау тәртібі Тіркеме жалғау

Егер автокөлік сүйреу құлақшасының сырт ететін ілмегімен жабдықталған болса, тіркемені бұғаттау ауыстырып қосқышын оған сұғу қажет. Тіркемені жалғағаннан кейін төмендегі іс-әрекеттерді және тексеру жұмыстарын жасаңыз:

1. Ауыстырып қосқышты ① апаттық тежегіш құбыршегінен ② және реттеу клапанынан ③ ажыратыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:

Жалғау кезінде ауа өткізгіштердің дұрыс емес жалғануына жол бермеу қажет.

Тіркемені ажыратқан кезде ауа беру клапанын жабу және құбыршекті ажырату қажет.


2. Егер автокөлік сүйреу құлақшасының сырт етіп бекітілетін ілмегімен жабдықталған болса, онда ауыстырып қосқышты ① және апаттық тежегішті жалғамас бұрын және ажыратпас бұрын кабинадағы реттеу клапанын тартып шығару және тіркемеге ауаның берілуін өшіру қажет. Құбыршекті жалғау және реттеу клапанын ашу қажет, содан кейін кабинадағы реттеу клапанын басып кіргізу және тіркеменің тежегіш контурына ауа жіберу қажет.

3. Тежегіш құбыршегін жалғаныз. Жұмыс кезінде тіркеменің стоп-сигналдары шамдарының, артқы шамдарының және бұрылыс көрсеткіштерінің шамдарының тиісінше жануын тексеріңіз және көз жеткізіңіз.

4. Тіркеменің тұрақ тежегішін өшіріңіз.

5. Тұрақ тежегішін қосыңыз, тіркеме тежегішінің жұмысқа қабілеттілігін тексеріңіз.

Егер тежегіш краны бастапқы күйге қайтқан кезде сарт еткен дыбыс естілсе, бұл тежегіштің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.





Бұрылу бұрышын реттеу

1. Автокөліктің күйіне және қозғалыс бағытына сәйкес бұрылу бұрышын реттеңіз.


2. Шплинтті шешіп алғаннан кейін босату үшін сомынды сағат тілінің бағытымен 3-4 айналымға бұраңыз.

3. Тіркегіш құрылғыны белгілінген тәртібіне сәйкес орнатыңыз.




Қысатын тақтайшаның ішкі диаметрін реттеу

1. Қысатын тақтайшаның тозуы ішкі диаметрдің ұлғаюына алып келуі мүмкін, бұл реттеуді талап етеді.
2. Тіреуді құралдың көмегімен сағат тіліне қарсы тірелгенше бұраңыз.
3. Баяу сомынды босатыңыз, бұл итергіш алға жылжыған кезде қысатын тақтайшаның ішкі диаметрін азайтуға мүмкіндік береді.
4. Егер қысатын тақтайшаның ішкі диаметрі 51-51.2 құрайтын болса, сүңгінің көмегімен тіреуді сомынға тығыз жанастырыңыз. Бұл ретте сүңгіні қолмен бұрау мүмкіндігі бар.
5. Қозғалысты бастамас бұрын тартқыш пен тіркеме арасында кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
6. Тіреудің сомынға тиісінше жанасып тұруын және екінші сатының бұғатталу күйін қамтамасыз етіп отыру қажет.
6. Сомынды бұрап қатыру сәті сомынды сағат тілінің бағытымен бұрап қатыру кезіндегі рұқсат етілген шектен аспауы тиіс.



Түпті реттеу



Түптің биіктігін реттеу басқару иінтірегін ① жылжыту жолымен жүзеге асырылады.



Тіркеменің жүк бөлімін реттеу

Қозғалысты бастамас бұрын басқару иінтірегін суретте көрсетілгендей қажетті күйге ауыстырыңыз.

Тартқыштың тежелуі және қауіпсіздігін қамтамасыз ету тежегіш қыспақтарының әрекетімен жүзеге асырылады. Тартқыштың тіркегіші тіркеу биіктігін реттеу үшін қолданылады.



Тіркеменің тежегіш қраны

Тіркеменің тежегішін қосу үшін тежегіш қранды жоғары қарай тартыңыз. Ылдиға қарай ұзақ жол жүргенде тіркеме тежегішін қосу қажет. Тежегіш қраны неғұрлым жоғары тартылса, тежеу күші соғұрлым көбірек. Тартқыштың тежегіші тіркеменің тежегіші қосылып тұрған кезде де қалыпты жұмыс істей алады.

⚠ ЕСКЕРТУ:

Тіркеменің тежегішін қосу жолымен автокөліктің қозғалу жылдамдығын азайтуға болмайды. Тіркеменің қосұлы тұрған тежегішімен ұзақ уақыт бойы жол жүруден сақтаныңыз.

Өзі аударғыш жүк көлігінің жүк бөлімін көтеру тәртібі

Жүк бөлімін көтеру тәртібі қолданылатын БАҚ түріне қарай әртүрлі болады.

1. Shaanxi fast gear БАҚ бар автокөліктің жүк бөлімін көтеру тәртібі: Ілінісу педалін басыңыз, ретімен бейтарап күйдегі қуат алу ажыратқышын және аспаптар тақтасында оң жақта орналасқан қуат алу механизмінің ауыстырып қосқышын басыңыз, 2-ші берілісті қосыңыз, ілінісу педалін жіберіңіз, жүргізуші орындығының оң жағындағы көтеру иінтірегіннің соңғы ажыратқышын басыңыз, иінтіректі «Көтеру» күйіне бұрыңыз, бұл ретте жүк бөлімі көтеріле бастайды; жүкті түсіргеннен кейін ілінісу педалін басыңыз да, берілісті ауыстырып қосу иінтірегін бейтарап күйге ауыстырыңыз, бір мезгілде қуат алу ажыратқышын және қуат алу механизмінің ауыстырып қосқышын бейтарап күйде өшіріңіз, ілінісу педалін жіберіңіз, көтеруді басқару иінтірегін «Түсіру» күйіне бұрыңыз, жүк бөлімі тірелгенше түсірілгеннен кейін иінтіректі бастапқы күйге бұрыңыз.

2. Автокөліктің жүк бөлімін көтеру тәртібі (БАҚ өзге түрлері бар модельдер үшін):

Ілінісу педалін басыңыз, аспаптар тақтасында оң жақта орналасқан қуат алу механизмінің ауыстырып қосқышын басыңыз, ілінісу педалін жіберіңіз, жүргізуші орындығының оң жағындағы көтеру иінтіректі соңғы ажыратқышын басыңыз, иінтіректі «Көтеру» күйіне бұрыңыз, бұл ретте жүк бөлімі көтеріле бастайды; жүк түсірілгеннен кейін ілінісу педалін басыңыз, қуат алу механизмінің ажыратып қосқышын өшіріңіз, ілінісу педалін жіберіңіз, көтеруді басқару иінтірегін «Түсіру» күйіне бұрыңыз, жүк бөлімі тірелгенше түсірілгеннен кейін иінтіректі бастапқы күйге бұрыңыз.



ЕСКЕРТУ:

1. көтеруді басқару кезінде жүк бөлімінің астында тұруға тыйым салынады;
2. егер жүкті түсіру кезінде автокөлікті жылжыту қажет болса, автокөлікті тегіс алаңға төмен жылдамдықпен баяу жылжыту қажет;
3. жүкті түсіру кезінде күрт тежелулерге жол бермеңіз;
4. беткейлерде жүк бөлімін көтермеңіз және жүкті түсірмеңіз;
5. автокөлік келесі жұмыстар орындалғаннан кейін орнынан қозғалуы тиіс:
 - a. жүк бөлімін тірелгенше түсіру;
 - b. қуат алу механизмінің ауыстырып қосқышын және бейтарап күйдегі қуат алу ажыратқышын өшіру;
 - c. көтеруді басқару иінтірегін бастапқы күйге жылжыту.

Майлау процедурасы

Автокөлік жұмысының үздік тұрақтылығын және ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету мақсатында кестеге сәйкес қолайлы жағармайлар мен дизель отынын пайдаланыңыз.

ЖЖМ атауы	Бөлім	Ұсынылатын марка	Құйылатын көлем (л)
Мотор майы	Дизельдік қозғалтқыштың май қартері	Сапа сыныптары: Дизельдік қозғалтқышқа арналған мотор майы Weichai Euro-4 CF-4 сыныбы және одан жоғары Дизельдік қозғалтқышқа арналған мотор майы Dongfeng Cummins CF сыныбы және одан жоғары Дизельді қозғалтқышқа арналған мотор майы Xian Cummins CH сыныбы және одан жоғары Тұтқырлық сыныптары (таңдау қоршаған орта температурасына байланысты): 0W тұтқырлық сыныбының мотор майы -30°C-тан төмен температурада пайдалануға арналған 5W/30 тұтқырлық сыныбының мотор майы -30°C-тан 20°C-қа дейінгі температураларға арналған 10W/30 тұтқырлық сыныбының мотор майы -25°C-тан 35°C-қа дейінгі температураларға арналған 15W/40 тұтқырлық сыныбының мотор майы -20°C-тан 40°C-қа дейінгі температураларға арналған	Қозғалтқыштардың өндіруші зауыттарының пайдалану бойынша нұсқаулықтарын қараңыз

ЖЖМ атауы	Бөлім	Ұсынылатын марка	Құйылатын көлем (л)
БАҚ арналған трансмиссиялық май	Берілістер қорабы	БАҚ арналған Fast майы (таңдау қоршаған орта температурасына байланысты): 85W/90 (GL-5) майы -12°C-тан жоғары температурада пайдалануға арналған 80W/90 (GL-5) майы -26°C-тан -12°C-қа дейінгі температурада пайдалануға арналған ZF БАҚ арналған майлар: БАҚ өндіруші зауыты ұсынатын майлар: ZF (1- және 2-кестелерді қараңыз)	БАҚ өндіруші зауыттарының пайдалану бойынша нұсқаулықтарын қараңыз
Ортаңғы/артқы белдікке арналған трансмиссиялық май	Артқы белдіктің негізгі берілісінің редукторы	Таңдау қоршаған орта температурасына байланысты: 85W/90 (GL-5) майы -12°C-тан жоғары температурада пайдалануға арналған 80W/90 (GL-5) майы -26°C-тан -12°C-қа дейінгі температурада пайдалануға арналған	Steyr белдігі: 8 л Anben белдігі: 12 л Ескерту: Майды май құятын саңылауға ішінен май төгіле бастағанша құйыңыз.
	Ортаңғы белдіктің негізгі берілісінің редукторы	75W/90 (GL-5) майы -26°C-тан -40°C-қа дейінгі температурада пайдалануға арналған	Steyr белдігі: 12 л Anben белдігі: 16 л

ЖЖМ атауы	Бөлім	Ұсынылатын марка	Құйылатын көлем (л)
Ортаңғы/артқы белдікке арналған трансмиссиялық май			Ескерту: Майды май құятын саңылауға ішінен май төгіле бастағанша құйыңыз.
	Ортаңғы/артқы белдіктің дөңгелек редукторы		Steyr белдігі: 2 л-ден Anben белдігі: 3,5 л-ден Ескертпе: Майды май құятын саңылауға ішінен май төгіле бастағанша құйыңыз.
	Ортаңғы белдіктің алдыңғы дифференциалының бұғаттағышы		Steyr белдігі: жоқ Anben белдігі: 4 л Ескерту: Майды май құятын саңылауға ішінен май төгіле бастағанша құйыңыз.

ЖЖМ атауы	Бөлім	Ұсынылатын марка	Құйылатын көлем (л)
РГК арналған май	РГК	АБҚ арналған май ATF III, немесе АБҚ сәйкес келетін май DEXRON III	Қос алдыңғы осі бар жүк көлігінде: 5,2 л Басқа модельдер үшін: 4,2 л
Консистентті жағармай	Көлденең және бойлық руль тартпаларының шарлы сұққылары, бұрылатын жұдырықшалардың шүберіндері, жетек білігінің аралық тіреуі, сырғанағыш аша және айқастырма мойынтірегі, рессорлардың сұққылары, берілістерді таңдау және ауыстыру тартпасының кронштейні, ілінісуді өшіру мойынтірегі, дөңгелек күпшектерінің мойынтіректері, қозғалтқыштың су сорғысының мойынтірегі, генератор мойынтірегі, стартер мойынтірегі, балансир ұстағышы, тежегіштердің реттеу иінтіректері, кабинаны аудару механизмінің алдыңғы тіреуі, кабинаны аудару механизмі шектегішінің тіреуі, жүк бөлімі пластинасының білігі, тіркегіш құрылғы	- 30°C-тан 120°C-қа дейінгі температурада пайдалануға арналған консистентті эмбебап автокөлік жағармайы -45°C-тан 190°C-қа дейінгі жоғары және төмен температураларда сырылуға қарсы қоспалармен бірге қолдануға арналған #2 аралас литийлі консистентті жағармайы	Майлау нүктелерін жағармаймен толтыру (жағармай саңылаудан аға бастағанша)


ЖЖМ атауы	Бөлім	Ұсынылатын марка	Құйылатын көлем (л)
Ілінісуге арналған май	Ілінісу бағы	JQ4 синтетикалық тежегіш сұйықтығы	0.3 л
Кабина гидравликасына арналған гидравликалық май	Кабинаны аудару механизмінің май сорғысы	ҮН-10 авиациялық гидравликалық майы	0.5 л
Антифриз	Қозғалтқышты салқындату жүйесі	Таңдау қоршаған орта температурасына байланысты: Антифриз #-25 -2 5 °C және одан жоғары температурада пайдалануға арналған Антифриз #-30 -25°C~30°C температурада пайдалануға арналған Антифриз #-35 -30°C~35°C температурада пайдалануға арналған Антифриз #-40 -35°C~40°C температурада пайдалануға арналған Антифриз #-45 -40°C~50°C температурада пайдалануға арналған Антифриз #-50 -45°C~50°C температурада пайдалануға арналған	Деңгей кеңейткіш бактың ортасына дейін жеткізілуі тиіс.
Дизельдік отын	Отын бағы	Жазғы дизельдік отын #0 Қысқы дизельдік отын #-10 қоршаған ортаның нақты температурасына байланысты -5°C және одан жоғары температурада пайдалануға арналған Дизельдік отын#-20 -5°C~14°C температурада пайдалануға арналған Дизельдік отын#-35 -14°C~29°C температурада пайдалануға арналған Дизельдік отын#-50 -29°C~44°C температурада пайдалануға арналған	Отын бағының көлеміне сәйкес

Кесте 1: ZF БАҚ арналған ұсынылатын майлар (баяулатқышсыз)

Өндіруші зауыт	Май түрі
FUCHS PETROLUB AG, MANHEIM/D	TITAN GEAR MP SAE 80
	TITAN SUPPERGEAR MC 80W-90
MOBIL OIL AG, HAMBURG/D	MOBILLUBE GX-A
SHELL INTERNATIONAL, LONDON/GB	SHELL SPIRAX MA80W

Кесте 2: ZF БАҚ арналған ұсынылатын майлар (баяулатқышымен)


Өндіруші зауыт	Май түрі
CASTROL LTD, LONDON/GB	CASTROL SYNTRANS Z LONG LIFE 75W-80
ARAL AG, BOCHUM/DE	ARAL GETRIEBE?L SNS-M 75W-80
DAF TRUCKS N.V., EINDHOVEN/NL	DAF XTREME 75W-80
CEPSA LUBRICANTES SA, MADRID/ES	MAN SUPER GEAR 341-Z5
HUILES BERLIET S.A., SAINT PRIEST/F	RTO LONGEVIA BZV ECO 75W-80
ZF FRIEDRICHSHAFEN AG, FRIEDRICHSHAFEN/DE	ZF-ECOFLUID M SAE 75W80
TOTAL LUBRIFIANTS S.A., NANTERRE/FR	TOTAL TRANSMISSION XS FE 75W-80



Мотор майын ауыстыру


Май қартерінің түбіндегі су ағызатын тығынды шығарып алыңыз, қозғалтқыш қартерінен майды толығымен ағызыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ! Ыстық майдың теріге тиюі ауыр күйік шалуларға алып келуі мүмкін, сондықтан құйып алар алдында қозғалтқышты суытып алыңыз.




Қозғалтқыш қартерінен майды құйып алғаннан кейін негізгі май сүзгісінен және үлестіргіш май сүзгісінен майды толығымен төгу қажет, содан кейін майларды құйып алу саңылауларының тығындарын бұрап қатырыңыз.

Осыдан кейін қозғалтқыш қартеріне май құю аузы арқылы көрсетілген жаңа мотор майын қосымша құйыңыз.




Қозғалтқыш картеріндегі май деңгейін май көрсеткіштің жоғарғы белгісіне жеткізгеннен кейін қозғалтқышты оталдырыңыз және оны бірнеше минут бойы бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз, май деңгейін қайта тексеріңіз, қажет болса, май деңгейін талап етілетін нормаға дейін жеткізіңіз.



БАҚ-тағы май деңгейін тексеру және майларды ауыстыру

1. Май құю аузының тығыны
2. Майды құйып алу саңылауының тығыны
3. Желдету тығыны



Ортаңғы/артқы жетекті белдіктің картеріндегі май деңгейін тексеру

1. Май деңгейін бақылауға арналған саңылау
2. Майды құйып алу саңылауының тығыны

РГК майын ауыстыру

Майды құйып алу:

1. Жерге жанаспауы үшін алдыңғы дөңгелекті домкратпен көтеріңіз.
2. Руль механизмінің төменгі бөлігінің біріктіргіш сомынын босатыңыз, руль механизмінен майды шығару үшін руль дөңгелегін баяу солға және оңға бұраңыз.


Майды қосымша құю:

1. Бак қақпақтарын ашыңыз, осы АБК арналған көрсетілген майды шағын бакқа қосымша құйыңыз.
2. Бакқа талап етілген белгіге дейін қосымша май құйғаннан кейін, май статикалық күйге келгенше 2-3 минут күте тұрыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ:

Бакқа қайталап немесе қосымша май құйғанда гидравликалық жүйеге ауаның араласуына жол бермеу қажет.

Ауаны кетіру:



- Егер руль дөңгелегін бұрған кезде бөгде шуыл естілетін болса, бұл гидравликалық жүйеге ауа араласқанын және оны шығару керектігін білдіреді.
- Ауаны кетіру кезінде май деңгейін қадағалаңыз, қажет болса, май деңгейін талап етілетін нормаға дейін жеткізіңіз.



Несепнәрге арналған бактағы несепнәр деңгейін тексеру

Қажеттігіне қарай несепнәр деңгейін тексеріп отырыңыз, несепнәр деңгейі несепнәрге арналған бактың жалпы көлемінің 30-80 %-ына жеткізілуі тиіс, қажет болса, талап етілетін нормаға дейін несепнәрді қосымша құйыңыз; несепнәрді шамадан тыс құюға болмайды, несепнәр деңгейі көрсетілген белгіден аспауы тиіс, асып кеткен жағдайда несепнәр төгілуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ:

Несепнәрге арналған бакқа тек несепнәр ғана құйылуы тиіс, несепнәрге арналған бакқа отын немесе су және өзге де сұйықтықтар құюға болмайды.

Суб-стандартты (дұрыс емес) несепнәр пайдаланудың қауіптілігі

Несепнәрдің дұрыс емес ерітіндісі катализатордың істен шығуын тудыруы (алып келуі) мүмкін, бұл SCR жүйесінің істен шығуына немесе оны қалпына келтірудің жеткіліксіз тиімділігіне алып келеді, нәтижесінде шектен тыс газ бөлінулердің себебінен ақаулық туралы дабыл сигналының берілуіне алып келеді.

ЕСКЕРТУ:

Сапасы мен сипаттамалары ISO 22241 стандартына сәйкес келетін несепнәр ерітіндісін пайдалануға кеңес береміз, автокөліктің дұрыс емес (сәйкес келмейтін) несепнәр ерітіндісін пайдаланудың салдарынан туындаған ақаулығы үшін JAC компаниясы ешқандай жауапкершілік көтермейді.

АБАЙЛАҢЫЗ:

- Несепнәр багына тек несепнәр ғана құюға рұқсат етіледі, отын немесе су және басқа сұйықтықтар құюға тыйым салынады.
- Ескерту: Несепнәр сорғысының несепнәр түтікшесіндегі қалдық несепнәрді қайтадан несепнәр багына айдауын қамтамасыз ету, өткізгіш түтікшелердің бітелуіне алып келетін несепнәрдің кристалдануының алдын алу үшін автокөлікті өшіргеннен кейін кемінде 60 секундқа қорек көзін өшіріп қойыңыз.

БАҚ техникалық қызмет көрсету

1. Май маркасы

БАҚ-қа 85W/90 автокөлік трансмиссиялық майын қосымша құю қажет.

2. Майдың тиісті деңгейі

Май деңгейі құю саңылауының төменгі жиегімен бірдей болуы тиіс. Май деңгейін тексеру картердің бүйіріндегі конустық құю саңылауы арқылы жасалады, майды саңылаудан май аға бастағанша қосымша құйыңыз.

3. Жұмыстық температура

БАҚ үздіксіз жұмыс істеген жағдайда максималды температура 120 °C-тан аспауы тиіс, минималды температура - 40°C-тан төмен болмауы тиіс, егер жұмыстық температура 120 °C-тан асатын болса, бұл трансмиссиялық майдың ыдырауына және БАҚ қызмет ету мерзімінің қысқаруына алып келуі мүмкін.

4. Май ауыстыру мерзімділігі

Жаңа БАҚ-тағы трансмиссиялық майды алғашқы 2000-5000 км жүрілген жол кезінде ауыстыру қажет.

Белгіленген қызмет көрсетулер арасындағы жүрілген жолға немесе интервалға сәйкес трансмиссиялық майдың деңгейін және майдың ағып тұрған жерлерінің болуын/болмауын тексеру қажет, қажет болса, май деңгейін талап етілетін нормаға дейін жеткізіңіз.

Трансмиссиялық майды белгіленген қызмет көрсетулер арасындағы жүрілген жолға сәйкес ауыстырыңыз.

5. Пайдаланылған майды құйып алу

Әдетте майды ауыстыру БАҚ-тағы май әлі жылы және аққыштығы жақсы кезде ұзақ уақыт жол жүргеннен кейін жүргізіледі.

Ыстық майдың теріге тиюі ауыр күйік шалуларға алып келуі мүмкін, сондықтан құйып алар алдында БАҚ-ты суытып алыңыз.

БАҚ-тың майды құйып алу саңылауының тығынын шығарыңыз, пайдаланылған майды алдын ала дайындалған ыдысқа құйып алыңыз, май құятын саңылаудың тығынын тазалаңыз (тығындағы магнит майға араласқан ұсақ металл бөлшектерді жинап алады). Майды құйып алу саңылауының тығынын 60 Н.м. бұрау сәтімен бұрап қатырыңыз.

6. Май деңгейін тексеру

БАҚ майының төмен деңгейі БАҚ-тың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

БАҚ-тағы май деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет:

- ★ май деңгейін тексеру автокөлік тегіс алаңда тұрған кезде жүргізілуі тиіс;
- ★ май деңгейін тексеру жол жүріп келгеннен кейін бірден жүргізілмеуі тиіс (ондай жағдайда дұрыс емес нәтиже алуыңыз мүмкін). Май деңгейін тексеру БАҚ суығаннан кейін (40 °C-тан/105 °CF төмен температурада) жүргізілуі тиіс;
- ★ май құятын саңылаудың тығынын ашып алыңыз;
- ★ егер май деңгейі май құятын саңылаудың төменгі ернеуінен төмен болса, талап етілетін нормаға дейін қосымша май құйыңыз. Май деңгейін әрбір тексеру кезінде БАҚ-тан майдың ағып тұрған жерлерінің болуын/болмауын тексеру қажет.

7. БАҚ желдету саңылауы

Жұмыс кезінде БАҚ-тағы май температурасы көтеріледі, нәтижесінде бұл БАҚ-тағы қысымның жоғарылауына алып келуі мүмкін, осыған байланысты өткізгіш клапан арқылы артық қысымды шығарып алу қажет.

Бұл клапанның дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз. Желдету саңылауын таза күйде ұстаңыз, бұл саңылауды пластик қақпақпен жабуға тыйым салынады.

Сұйықтықты жылытқышқа техникалық қызмет көрсету (опция)

1. сүзгілі элементті сүзгі жұмысының әр 1-2 жылы сайын тазалап немесе ауыстырып отырыңыз;
2. отын бағын таза күйде ұстаңыз, магистральдің кір-қоқыспен бітеліп қалуына жол бермеңіз;
3. электр тізбектерінің, отын өткізгіштерінің тиісінше өткізгіштігіне, механикалық тораптар мен бөлшектердің сенімді бекітілуіне көз жеткізіңіз;
4. пайдалануды бастамас бұрын ауа кіргізетін саңылаудың және ауа шығаратын саңылаудың тиісті өткізгіштігіне көз жеткізіп алу қажет;
5. жыл сайын пайдаланар алдында күйенің жиналуының бар-жоғын тексеріңіз, қажет болса, күйе шөгіндісін тазалаңыз;
6. отын сорғысының сүзгілі торын және отын бүріккіштерінің ішін тексеріңіз және қоқысын тазалаңыз;
7. жыл сайын пайдаланар алдында отын жүйесінде отынның ағып тұрған жерлерінің болуын/болмауын тексеріңіз (жылытқышты орнату орнында майлы кірдің болуын/болмауын тексеріңіз).

SCR жүйесіне (Еуро-4) техникалық қызмет көрсету

1. Несепнәрге арналған сорғының сүзгілі элементін тексеру

Әрбір техникалық қызмет көрсету кезінде несепнәрге арналған сорғының сүзгілі элементін шешіп алу, таза сумен жуу, содан кейін орныны дұрыстап қайта орнату қажет. Сүзгілі элементті соққылауға немесе оған үлкен күшпен соққы тигізуге болмайды.

2. Несепнәр бүріккішінің төсемін тексеру


Несепнәр бүріккішін әрбір ауыстырған немесе шешіп алып қайта орнатқан жағдайда несепнәр бүріккішінің күйін тексеру қажет, зақымдалу немесе деформациялану белгілері байқалған жағдайда несепнәр бүріккішін ауыстыру қажет.

3. Несепнәр бағын және несепнәр бағына арналған сүзгілі элементті тазалау

Техникалық қызмет көрсету кезінде несепнәрге арналған бактың және сүзгілі элементтің тазалығын тексеру қажет, қажеттілігіне қарай оларды тиісті түрде тазалаңыз.

MP3 аудиотехникасы және CD ойнатқыш

Аудиотехника



1 Пернелер	1 алдын ала баптау пернесі
▶▶*	USB ағытпасы арқылы ойнатуды тоқтата тұру
2 Пернелер	2 алдын ала баптау пернесі
RND*	USB ағытпасы арқылы кездейсоқ ретпен ойнату
3 Пернелер	3 алдын ала баптау пернесі
RPT*	USB ағытпасы арқылы қайталап ойнату
4 Пернелер	4 алдын ала баптау пернесі
SCN*	USB ағытпасы арқылы сканерленген ойнату
5 Пернелер	5 алдын ала баптау пернесі
-10*	USB ағытпасы арқылы 10 тректі артқа жылжытып ойнату
6.6Пернелер	6 алдын ала баптау пернесі
+10*	USB ағытпасы арқылы 10 тректі алға жылжытып ойнату
7.SEL	Дыбыстық әсерді, дыбыстық аяны таңдау
PRW	Басып қалу: қуат көзін қосу Ұзақ басу: қуат көзін өшіру
8. MUTE	Басып қалу: дыбыссыз режимді қосу/өшіру
9.	Дисплей
10.	Дыбыс деңгейін реттеу тұтқасы: дыбыс деңгейін реттеу тұтқаны бұрау жолымен жүзеге асырылады

11.MODE	Түйме: RAD 10-USB- AUX дыбыс көзін таңдау
12.BAND	Басып қалу: FM-MF-FM радио ауқымын таңдау
13.AST	Басып қалу: радиоарналарды сканерлеу
14. ◀▶	Ұзақ басу: радиоарналарды автоматты түрде сақтау Радиоқабылдағыш режимі Басып қалу: жоғары жиілікті/төмен жиілікті радиоарналарды автоматты түрде іздеу Ұзақ басу: жоғары жиілікті/төмен жиілікті радиоарналарды қолмен іздеу USB ағытпасы арқылы ойнату режимі Басып қалу: алдыңғы/ келесі тректі таңдау Ұзақ басу: алға/артқа тез ойнату
15. CEK	Уақытты баптау/көрсету түймесі
16. RST	Әдепкі күйге қайтару ауыстырып қосқышы
17.	USB ағытпасы
18. AUX	AUX IN кірісі

Ескерту: □ USB-ағытпасы арқылы ойнату режиміндегі кешенді функция жүлдызшамен «*» белгіленген

Ойнату

- USB құрылғысы жалғанған кезде дисплейде «USB» белгісі жанып тұрады, USB ағытпасы арқылы тректі автоматты түрде ойнату басталады.
1. Алдыңғы немесе келесі тректі таңдау (⏮ немесе ⏭)
 - Тректі таңдау үшін ⏮ немесе ⏭ пернесін басыңыз
 2. Алға немесе артқа тез ойнату (⏮ немесе ⏭)
 - Алға немесе артқа тез ойнату үшін ⏮ не ⏭ пернесін ұзақ басып тұрыңыз, пернені жібергеннен кейін автоматты түрде ойнату басталады.
 3. Тоқтата тұру/ойнату
 - USB ағытпасы арқылы ойнатуды тоқтата тұру
 - USB ағытпасы арқылы ойнату режимінде (1) пернесін басып қалу жолымен USB ағытпасы арқылы ойнатуды тоқтата тұру/ойнату жүзеге асырылады.
 4. Кездейсоқ ретпен ойнату
 - USB ағытпасы арқылы барлық тректерді кездейсоқ тәртіппен ойнату
 - USB ағытпасы арқылы ойнату режимінде (2) пернесін басып қалу жолымен кездейсоқ тәртіппен ойнату жүзеге асырылады.

5. Қайталап ойнату

- Ағымдағы тректі қайталап ойнату
- USB ағытпасы арқылы ойнату режимінде (3) пернесін басып қалу жолымен қайталап ойнату режимін қосу/өшіру жүзеге асырылады.

6. Тректерді сканерлеу

- Бұл функция әрбір тректі USB ағытпасы арқылы 10 секундтан сканерлеуге мүмкіндік береді.
- USB ағытпасы арқылы ойнату режимінде (4) пернесін басып қалу жолымен тректерді сканерлеу режимін қосу/өшіру жүзеге асырылады.

7. 10 тректі артқа жылжытып, ойнату (-10)

- 10 тректі артқа жылжытып, ойнату режимін қосу үшін USB порты арқылы ойнату режиміндегі (5) пернесін басып қалыңыз.


8. 10 тректі алға жылжытып, ойнату (+10)

- 10 тректі алға жылжытып, ойнату режимін қосу үшін USB порты арқылы ойнату режимінде (6) пернесін басып қалыңыз.

Радиоқабылдағыштың жұмысы

1. Радио ауқымын таңдау

- Қажетті радио ауқымын таңдау үшін «BAND/AST» түймесін басып қалыңыз.



2. Автоматты түрде іздеу

- Радиоарналарды автоматты түрде іздеу үшін ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз
- Төмен жиілікті радиоарналарды баптау үшін ◀ пернесін, жоғары жиілікті радиоарналарды баптау үшін ▶ пернесін басыңыз

3. Қолмен іздеу (егер қажетті радиоарнаның жиілігі белгілі болса)

- «Іздеу» пернесін ұзақ басып тұрған кезде жиіліктің тез ұлғаюы/азаюы орын алады, пернені жібергеннен кейін 2 секундтың ішінде ретімен басып қалған кезде FM режимінде 0.1 МГц қадамымен немесе MW режимінде 9 кГц қадамымен жиіліктің тез ұлғаюы/азаюы орын алады; қандай да бір әрекеттер жасалмаса, жүйе 2 секундтан кейін автоматты түрде алдыңғы режимге қайтып оралады.

4. Радиоарналарды қолмен сақтау

- Әрбір радиоауқымда алдын ала баптау пернелерінің (1-6) жадында 6 радиоарнаны қолмен сақтауға рұқсат етіледі.
- Ағымдағы радиоарнаны алдын ала баптау пернесін жадта сақтау үшін қажетті радиоарнаны табыңыз, қажетті алдын ала баптау пернесін (1-6) кем дегенде 2 секунд басып тұрыңыз.

5. Радиоарналарды автоматты түрде сақтау

- Радиоарналарды сканерлеу режиміне кіру үшін «AST» пернесін басып қалыңыз.
- «AST» пернесін ұзақ басып тұрған кезде алдын ала баптау пернелерінің (1-6) жадында 6 жоғары қуатты радиоарнаны автоматты түрде сақтау жүзеге асырылады.
- FM1/FM2/FM3 режимінде автоматты түрде іздеу режиміне кіру үшін «AST» пернесін ұзақ басыңыз, әрбір радио ауқымның 6 жоғары қуатты радиоарнасын автоматты түрде іздеу және алдын ала баптау пернелерінің (1-6) жадында сақтау мүмкіндігі бар.
- MW1/MW2 режимінде автоматты түрде іздеу режиміне кіру үшін «AST» пернесін ұзақ басыңыз, әрбір радио ауқымның 6 жоғары қуатты радиоарнасын автоматты түрде іздеу және алдын ала баптау пернелерінің (1-6) жадында сақтау мүмкіндігі бар.

AUX IN кірісі арқылы ойнату

Ойнату

- «MODE» пернесін басып қалған кезде (дисплейде «AU» белгісі жанып тұрады) AUX IN арқылы ойнату режимі қосылады, сыртқы дыбыс көзіне қосылу орын алады, дыбыс деңгейін реттеу дыбыс деңгейін реттеу тұтқасы арқылы жүзеге асырылады.

Аудиотехника бойынша ескертулер

Дыбыс деңгейі

- Дыбыс деңгейін жоғарылату үшін дыбыс деңгейін реттеу тұтқасын сағат тілінің бағытымен бұраңыз, дыбыс деңгейін төмендету үшін дыбыс деңгейін реттеу тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытқа бұраңыз. Қозғалыс кезінде дыбыстық сигналдарды (мысалы, гудоктордың, ысқырықтардың және т.с.с. дыбысын) есту мүмкін болуы үшін дыбыс деңгейін қажетті нормаға дейін жеткізіңіз.

Дыбыс әсері режимін орнату

- Қажетті нысанды таңдау үшін «SEL» пернесін түртіңіз.

-BAS: төмен жиіліктер

-TRE: жоғары жиіліктер

-BAL: сол жақ және оң жақ динамиктер арасындағы дыбыс деңгейінің балансы

-FAD: алдыңғы және артқы динамиктер арасындағы дыбыс деңгейінің балансы

- Таңдалған объектіні реттеу үшін дыбыс деңгейін реттеу тұтқасын тағы да бұраңыз, 5 секундтан кейін дисплей алдыңғы режимге қайтып оралады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. қозғалыс кезінде дыбыстық сигналдарды (мысалы, гудоктордың, ысқырықтардың және т.с.с. дыбысын) есту мүмкін болуы үшін дыбыс деңгейін қажетті нормаға дейін жеткізіңіз;
2. бұл аудиотехниканың жұмыстық кернеуі 12 В/24 В құрайды, АҚБ теріс клеммасы массамен (автокөлік шассиімен) тұйықталған. Осы талаптарға сәйкессіздік аудиотехниканың істен шығуына немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін;
3. динамиктің кез келген сымын массаға немесе аса төмен жиілікті құрылғыға немесе қуатты күшейткішке, алдыңғы және артқы динамиктердің сыртқы контроллерлеріне жалғауға болмайды;
4. орнату барысында барлық сымдардың тиісінше жалғануын қамтамасыз етіңіз, жиектердің немесе жылжымалы бөліктердің тозуын болдырмаңыз.



ЕСКЕРТУ:

Орнатар алдында және жалғамас бұрын қысқа тұйықталуды болдырмау үшін, қоректендіру көзінің теріс полюсінен ажырату қажет.

Ескерту:

1. бұл аудиотехника MP3/WMA форматындағы файлдардың ойнатылуын қолдайды;
2. басып қалу ұзақтығы 0,5 секундты құрайды, ұзақ басудың ұзақтығы 2 секундты құрайды;
3. аудиофайлдың бүлінуінен немесе басқа себептер бойынша аудиотехника істен шыққан, пернелердің дұрыс жұмыс істеуі бұзылған жағдайда, барлық параметрлерді зауыттық мәндерге қайтару үшін «RST» пернесінің көмегімен аудиотехникаға қайта баптау жүргізуге болады. Аудиотехниканы реттеу

Уақытты орнату

- Уақытты көрсету режимі өшіріліп тұрғанда «CLOCK» пернесін басыңыз, бұл ретте уақытты көрсетіледі.
- Уақытты орнату режиміне кіру үшін «CLOCK» пернесін басыңыз және 3 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.
- Мәнді реттеу үшін ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз.

Техникалық параметрлер

FM

Баптау ауқымы: 87.5-108 МГц

Сезімталдық: 20 дБ

Стереонаралардың бөлінуі: 25 дБ

AM

Баптау ауқымы: 522-1620 кГц

Сезімталдық: 30 дБ

Радиожилік

Қоректендіру көзі: . 12-16 В (12 вольтті жүйе үшін)/22-24 В (24 вольтті жүйе үшін) тұрақты ток (DC) теріс жермен
тұйықталуымен

Динамиктің кедергісі: 4 Ом

Габариттік өлшемдері: 178×150×50 мм (Е×Т×Б)

Жалпы шығыс қуаты: 2×6.Вт

Жиліктік жауап қату: 100-10000 Гц

Ақауларды жою

Автокөлік аудиотехникасының дұрыс жұмысы бұзылған жағдайда, оны жөндеуге берудің алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген басқару тәртібін мұқият оқып шығыңыз, келесі кестеге сәйкес қажетті тексеру жүргізіңіз, бұл ақауларды жоюға көмектеседі.


Әдетте кездесетін ақаулықтар және оларды жою әдістері

Ақаулықтардың сипаттамасы	Ықтимал себептер мен жою әдістері
Әдетте кездесетін ақаулықтар	
Аудиотехниканың істен шығуы, көрсетілетін ақпаратты болмауы	Аудиотехниканың және автокөліктің сақтандырғыштары мен ағытпаларын тексеру
	Дыбыс деңгейін ұлғайту
Радиоқабылдағыштың жұмысы	
Радиоқабылдағыш жұмысының тұрақсыздығы	Антеннаны және ағытпаны тексеру Антеннаның жалғану күйін тексеру Антеннаның шығарылу күйін тексеру Қажетті радиоарнаның тым әлсіз сигналы
Радиоарналарды автоматты түрде іздеу кезінде қажетті радиоарнаны іздеу мүмкіндігінің болмауы	Қажетті радиоарнаны қолмен іздеу Антеннаның шығарылу күйін тексеру

Ақаулықтардың сипаттамасы	Ықтимал себептер мен жою әдістері
Ойнату	
Ақпараттың дисплейде ұзақ уақыт көрсетіліп тұруы, ақпаратты өңдеу мүмкіндігінің болмауы	U-дисктің зақымдалу белгілерінің болуын тексеру
	U-диск ағытпасының жалғану күйін тексеру
USB ағытпасы арқылы ойнату кезінде дыбыстың бұрмалануы	U-дисктің зақымдалу белгілерінің болуын тексеру
USB ағытпасы арқылы ойнату кезінде жұмыс істемеу	Бұл аудиотехника MP3 немесе WMA форматындағы барлық файлдардың ойнатылуын қолдайды, аудиофайлдың форматын тексеріңіз.
	Аудиофайлдың зақымдалу белгілерінің болуын тексеру
AUX IN кірісі	
«AUX IN» белгісінің көрсетілуі, дыбыстың болмауы	Сыртқы дыбыс көзін тексеру
	AUX IN ағытпасының күйін тексеру
Сыртқы дыбыс көзінен ойнату кезінде дыбыстың бұрмалануы	AUX IN ағытпасының күйін тексеру

Егер ақауларды жою мүмкін болмаса, аудиотехниканы жөндеу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Аудиотехниканы рұқсатсыз бөлшектеуге болмайды.

CD ойнатқышты басқару панеліндегі пернелердің орналасу схемасы



Басқару панелінің сипаттамасы

- | | |
|--|--|
| 1. Тұтқа: | Ойнатқыш өшіріліп тұрған кезде: басып қалу - қосу; ойнатқыш қосылып тұрғанда: басып қалу - дыбыссыз режимді қосу
ойнатқыш қосылып тұрған кезде: тұтқаны бұрау - дыбыс деңгейін ұлғайту/азайту
ойнатқыш қосылып тұрған кезде: ұзақ басу - өшіру |
| 2.(1) пернесі: | Алдын ала баптау немесе радиоарнаны тыңдау пернесі (1) |
| RND*: | CD-диск/USB ағытпасы арқылы кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін қосу/өшіру |
| 3.(2) пернесі: | Алдын ала баптау немесе радиоарнаны тыңдау пернесі (2) |
| RPT*: | CD-диск/USB ағытпасы арқылы қайталап ойнату режимін қосу/өшіру |
| 4. (3) пернесі: алдын ала баптау немесе радиоарнаны тыңдау пернесі (3) | |
| SCN*: | CD-диск/USB ағытпасы арқылы тректерді сканерлеу режимін қосу/өшіру |
| 5.(4) пернесі: | Алдын ала баптау немесе радиоарнаны тыңдау пернесі (4) |
| -10*: | CD-дискте/USB ағытпасы арқылы 10 тректі артқа жылжытып ойнату |
| 6. (5) пернесі: | Алдын ала баптау немесе радиоарнаны тыңдау пернесі (5) |

- + 10* CD-дискте/USB ағытпасы арқылы 10 тректі алға жылжытып ойнату
7. ◀ Радиоқабылдағыш режимі
- Басып қалу: төмен жиілікті арналарды автоматты түрде іздеу
- Ұзақ басу: төмен жиілікті арналарды қолмен іздеу
- CD-диск/USB ағытпасы арқылы ойнату режимі
- Басып қалу: алдыңғы тректі таңдау
- Ұзақ басу: артқа тез ойнату
8. ▶ радиоқабылдағыш режимі
- Басып қалу: жоғары жиілікті арналарды автоматты түрде іздеу
- Ұзақ басу: жоғары жиілікті арналарды қолмен іздеу
- Басып қалу: келесі тректі таңдау
- CD-диск/USB ағытпасы арқылы ойнату режимі
- Ұзақ басу: алға тез ойнату
- 9.SOURCE: басып қалу: дыбыс көзін ретімен таңдау
- CD→USB→радиоқабылдағыш→CD

- | | |
|-------------------------|---|
| 10. SEL: | дыбыстық әсерді, дыбыстық аяны таңдау пернесі |
| 11. CLK: | Уақытты көрсету |
| 12. BAND: | Басып қалу: радио ауқымын таңдау |
| AST: | Ұзақ басу: автоматты түрде сақтау |
| 13. ▲ | Дискіні шығару пернесі |
| 14. Диск модулі: | Дискті салу және шығару |
| 15. СК-дисплей: | Пернелер туралы ақпаратты көрсету |
| 16. USB ағытпасы: | USB құрылғысына жалғануға арналған порт |
- Ескерту: CD-диск/USB-ағытпасы арқылы ойнату режиміндегі кешенді функция жұлдызшамен «*» белгіленген.

CD-диск/USB ағытпасы арқылы ойнату

1. Алдыңғы/келесі тректі таңдау (◀ немесе ▶)

- Алдыңғы ▶ немесе ▶ келесі тректі ойнату үшін пернені басып қалыңыз.

2. Артқа/алға тез ойнату (◀немесе ▶)

- Алға немесе артқа тез ойнату үшін немесе пернесін ұзақ басып тұрыңыз, пернені жібергеннен кейін автоматты түрде ойнату басталады.

3. Кездейсоқ ретпен ойнату

- Ойнату режимін кездейсоқ қосу немесе өшіру үшін CD/USB порты арқылы ойнату режиміндегі «RND» пернесін бірнеше рет басыңыз.

4. Қайталап ойнату

Ағымдағы тректі қайталап ойнату.

- Қайталап ойнату режимін қосу немесе өшіру үшін CD/USB порты арқылы ойнату режиміндегі «RPT» пернесін бірнеше рет басыңыз.

5. Тректерді сканерлеу

Бұл функция әрбір тректі USB ағытпасы арқылы 10 секундтан сканерлеуге мүмкіндік береді

- Тректерді сканерлеу режимін қосу немесе өшіру үшін CD/USB порты арқылы ойнату режиміндегі «SCN» пернесін бірнеше рет басыңыз.

6. 10 тректі артқа жылжытып, ойнату (-10)

Бұл функция 10 тректі артқа жылжыту үшін ойнату режиміне тез ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- 10 тректі артқа жылжытып, ойнату режимін қосу үшін CD/USB порты арқылы ойнату режиміндегі «-10» пернесін басып қалыңыз.

7. 10 тректі алға жылжытып, ойнату (+10)

Бұл функция 10 тректі алға жылжыту үшін ойнату режиміне тез ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- 10 тректі алға жылжытып, ойнату режимін қосу үшін CD/USB порты арқылы ойнату режиміндегі «+10» пернесін басып қалыңыз.

8. Дискті шығару (CD дискті ойнату режимінде)

- Дискті шығару үшін ▲ пернесін басыңыз

9. USB ағытпасына қосылу (USB ағытпасы арқылы ойнату режимінде)

- U дискісінің тректерін ойнату үшін min USB сымдарының түйінін USB ағытпасына жалғастырыңыз.

Радиоқабылдағыштың жұмысы

1. Радио ауқымын таңдау

- Қажетті радио ауқымын таңдау үшін «BAND/AST» түймесін басып қалыңыз.

FM1 → FM2 → FM3 → AW2 → AW2



2. Автоматты түрде іздеу

Радиоарналарды автоматты түрде іздеу үшін «>» немесе «<» пернесін басыңыз.

- Төмен жиілікті радиоарналарды баптау үшін «>» пернесін, жоғары жиілікті радиоарналарды баптау үшін «<» пернесін басыңыз.

3. Қолмен іздеу (егер қажетті радиоарнаның жиілігі белгілі болса)

- «Іздеу» пернесін ұзақ басып тұрған кезде жиіліктің тез ұлғаюы/азаюы орын алады, пернені жібергеннен кейін 2 секундтың ішінде ретімен басып қалған кезде FM режимінде 0,1 МГц қадамымен немесе AM режимінде 9 кГц қадамымен жиіліктің тез ұлғаюы/азаюы орын алады; қандай да бір әрекеттер жасалмаса, жүйе 2 секундтан кейін автоматты түрде алдыңғы режимге қайтып оралады.

4. Радиоарналарды қолмен сақтау

Әрбір радиоауқымда 5 радиоарнаны алдын ала баптау пернесінің (1-6) жадында қолмен сақтауға рұқсат етіледі.

- Қажетті радиоарнаны таңдаңыз.
- Ағымдағы радиоарнаны алдын ала баптау пернесін жадта сақтау үшін қажетті алдын ала баптау пернесін (1-5) кем дегенде 2 секунд басып тұрыңыз.

5. Радиоарналарды автоматты түрде сақтау

Алдын ала баптау пернелерінің жадында (1-5) жоғары қуатты 5 радиоарнаны автоматты түрде сақтау.

- FM1/FM2/FM3 режимінде автоматты түрде іздеу режиміне кіру үшін «AST» пернесін 2 секундтан ұзақ басыңыз, әрбір радио ауқымның 5 жоғары қуатты радиоарнасын автоматты түрде іздеу және алдын ала баптау пернелерінің (1-5) жадында сақтау мүмкіндігі бар.
- AM1/AM2 режимінде автоматты түрде іздеу режиміне кіру үшін «AST» пернесін 2 секундтан ұзақ басыңыз, әрбір радио ауқымның 5 жоғары қуатты радиоарнасын автоматты түрде іздеу және алдын ала баптау пернелерінің (1-5) жадында сақтау мүмкіндігі бар.

Аудиотехника бойынша ескертулер

Дыбыс деңгейі

- Дыбыс деңгейін жоғарылату үшін дыбыс деңгейін реттеу тұтқасын сағат тілінің бағытымен бұраңыз, дыбыс деңгейін төмендету үшін дыбыс деңгейін реттеу тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытқа бұраңыз. Қозғалыс кезінде дыбыстық сигналдарды (мысалы, гудоктордың, ысқырықтардың және т.с.с. дыбысын) есту мүмкін болуы үшін дыбыс деңгейін қажетті нормаға дейін жеткізіңіз.

Дыбыс әсері режимін орнату

- Қажетті нысанды таңдау үшін «SEL» пернесін түртіңіз.

-BASS: төмен жиіліктер

-TREBLE: жоғары жиіліктер

-BAL: сол жақ және оң жақ динамиктер арасындағы дыбыс деңгейінің балансы

-FADER: алдыңғы және артқы динамиктер арасындағы дыбыс деңгейінің балансы

-CUSTOM: пайдаланушылық таңдау

- CUSTOM режимінде дыбыс деңгейін ұлғайту немесе азайту дыбыстық әсерді баптауға мүмкіндік береді.

-JAZZ: джаз

-VOCAL: вокал

-POP: поп-музыка

-ROCK: рок музыкасы

-CLASSIC: классикалық музыка

-FLAT: бемоль

- Тандалған объектіні реттеу үшін дыбыс деңгейін реттеу тұтқасын тағы да бұраңыз, 5 секундтан кейін дисплей алдыңғы режимге қайтып оралады. Төмен және жоғары жиіліктерді реттеу тек «BASS-TRE» режимі қосұлы тұрған кезде ғана жүзеге асырыла алады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Қозғалыс кезінде дыбыстық сигналдарды (мысалы, гудоктордың, ысқырықтардың және т.с.с. дыбысын) есту мүмкін болуы үшін дыбыс деңгейін қажетті нормаға дейін жеткізіңіз.
2. Бұл аудиотехниканың жұмыстық кернеуі 12 В/24 В құрайды, АҚБ теріс клеммасы массамен (автокөлік шассиімен) тұйықталған. Осы талаптарға сәйкессіздік аудиотехниканың істен шығуына немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін!
3. Динамиктің кез келген сымын массаға немесе аса төмен жиілікті құрылғыға немесе қуатты күшейткішке, алдыңғы және артқы динамиктердің сыртқы контроллерлеріне жалғауға болмайды.
4. Дискті мөлдір жиегімен шығару мүмкін емес болса, дискіні шығару пернесін ұзақ басыңыз.
5. Дискті салмас бұрын дисктегі деректердің оқылуына кері әсер етуін болдырмау үшін дисктің ортасындағы ақ түсті төсемнің шешілгенін тексеріңіз, бұл ойнатқыш диаметрі 12 мм-лік дисктерді ойнатуға арналған.



ЕСКЕРТУ:

Орнатар алдында және жалғамас бұрын қысқа тұйықталуды болдырмау үшін, қоректендіру көзінің теріс полюсінен ажырату қажет.

Ақауларды жою

Автокөлік аудиотехникасының дұрыс жұмысы бұзылған жағдайда, оны жөндеуге берудің алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген басқару тәртібін мұқият оқып шығыңыз, келесі кестеге сәйкес қажетті тексеру жүргізіңіз, бұл ақауларды жоюға көмектеседі.

Әдетте кездесетін ақаулықтар және оларды жою әдістері

Ақаулықтардың сипаттамасы		Ықтимал себептер мен жою әдістері	
Әдетте кездесетін ақаулықтар			
Аудиотехниканың істен шығуы, көрсетілетін ақпаратты болмауы		Аудиотехниканың және автокөліктің сақтандырғыштары мен ағытпаларын тексеру	
Аудиотехниканың қалыпты әрекеті, төмен дыбыс деңгейі немесе дыбыссыздық		- Дыбыс деңгейін ұлғайту - Антеннаны және ағытпаны тексеру - Алдыңғы және артқы, сол жақ және оң жақ динамиктер арасындағы дыбыс деңгейінің балансын тексеру.	
Радиоқабылдағыш			
Радиоқабылдағыш жұмысының тұрақсыздығы, қажетті радиоарнаны іздеу мүмкіндігінің болмауы		- Антеннаның жалғану күйін тексеру - Антеннаның шығарылу күйін тексеру	
CD ойнатқыш			
Дисплейде «ERROR» ақпаратының көрсетілуі		- Дисктің орналасу күйін тексеру - Дисктің зақымдалу немесе ластану белгілерінің болуын тексеру	

Ақаулықтардың сипаттамасы	Ықтимал себептер мен жою әдістері
CD дискті ойнату кезіндегі жұмыс істемеу	• Суық ауа райында лазерлік ұштыққа конденсат тұруы мүмкін. Ылғалдың буланып кетуі үшін аудиотехниканы радиоқабылдағыш режимінде шамамен 5 минут жұмыс істетіп қойыңыз.
Дисплейде «NO CD» ақпаратының көрсетілуі	• CD ойнатқышта CD дисктің бар болуын тексеру
USB	
Ақпараттың дисплейде ұзақ уақыт көрсетіліп тұруы, ақпаратты өңдеу мүмкіндігінің болмауы	• U-диск ағытпасының жалғану күйін тексеру • U-дискте файлдардың болуын тексеру
USB ағытпасы арқылы ойнату кезінде жұмыс істемеу	• Бұл аудиотехника MP3 немесе WMA форматындағы барлық файлдардың ойнатылуын қолдайды, аудиофайлдың форматын тексеріңіз.


Егер ақауларды жою мүмкін болмаса, аудиотехниканы жөндеу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Аудиотехниканы рұқсатсыз бөлшектеуге болмайды.

Жүктерді тиеу кезіндегі сақтық шаралары


Дұрыс





Дұрыс емес



1. Жүктердің ені жүк бөлімінің енінен аспауы тиіс.




2. Артқы жағында тасымалданатын жүк автокөліктің габаритінен рұқсат етілген шектен артық шығып тұрмауы тиіс.



3. Жүк бөлімінің бүйірлік борттарын ашқанда және жапқанда абай болыңыз, дұрыс пайдаланбау жүк бөлімінің қызмет ету мерзімінің қысқаруына алып келуі мүмкін.


4. Жүктерді тиегенде және түсіргенде мұқият болыңыз, жүктерді ретсіз лақтырып тастай беруге болмайды, бұл жүк бөлімінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.




5. Жүктердің шашылуына немесе жоғалуына жол бермеу үшін жүктерді арқандармен немесе осыған ұқсас құралдармен сенімді етіп бекітіп қою қажет.

6. Жүктерді орналастыру біркелкі бөлінуді қамтамасыз етуі тиіс, жүктер төменгі жақта орналасуы тиіс, жүктердің ауырлық орталықтары мүмкіндігінше төмен болуы тиіс, жүктердің біркелкі бөлінбеуі жүк бөлімі жұмысының тұрақсыздығына, жүктердің және жүк бөлімінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Дұрыс



Дұрыс емес



Дұрыс емес



7. Үлкен өлшемді жүктер жүк бөлімінің ортасына орналастырылуы тиіс.

Дұрыс




Дұрыс емес




Металл табак немесе шпал

Дұрыс



Дұрыс емес



8. Ұзын өлшемді жүктерді тасымалдау кезінде стеллаж қолдану қажет.

✿ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- жүк тиеу биіктігі тиісті нормативтік талаптарға сәйкес болуы тиіс.
- бұл ретте жүк тиелген автокөліктің ауырлық орталығы жүксіз автокөлікпен салыстырғанда жоғарырақ орналасады, бүйірге қарай аударылу қаупі бар, осыған байланысты автокөлікті жүргізу кезінде жоғары жылдамдықпен қозғалуға, шұғыл тежелулерге, бұрылуларға және т.с.с. жол бермеңіз.
- Тірелу үшін тек тірек рамасы мен артқы борт қана қолданылады, бұл жүк бөлімінің беріктігінің әлсіреуін тудырады.
- Тірек рамасы жүктердің бөлігі ретінде есепке алынуы тиіс.

9. Шоғырланған салмағы бар жүктерді тиеген кезде жүктемелерді бөлу бойынша қажетті шараларды қолдану қажет, олай етпеген жағдайда бұл жүк бөлімінің түбінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.


✿ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Металл табак немесе шпал жүктердің бір бөлігі ретінде есепке алынуы тиіс.


Дұрыс




Дұрыс емес



Дұрыс



Дұрыс емес



10. Сусылдақ жүктерді тасымалдаған кезде оларды екі жағынан бүйірлік борттарға бекіту қажет, бекітілмеген жағдайда бұл бүйірлік борттардың деформациялануына алып келуі мүмкін.

11. Сүйреу кезінде рамадағы сүйреу ілмегін пайдалану қажет, жүк бөлімінен іліп сүйреуге тыйым салынады.



Жүк бөлімінің бекіту болттарын жүйелі түрде тексеріп және қатырып отырыңыз.

4 кезеңнен кейін	Автокөлікті қабылдап алған кезде
Үшінші кезең	1 ай жұмыс істегеннен кейін
Екінші кезең	6 ай жұмыс істегеннен кейін
Бірінші кезең	Жұмыстың әр 6 айы сайын

Жүктерді тиеу ережелері

Жүктердің түрлері	Жүктерді тиеу тәсілдері	Жүк бөлімін қорғау тәсілдері
Аралас құрамды жүктер, құм, шағыл тас, кірпіш және өзге де сусылдақ жүктер	Жүк платформасының ортаңғы сызығы Арқан Арқан ілмегі Жүктерді жүк платформасының бүкіл ұзындығы бойына біркелкі орналастыру Бүйірлік борттың қорғаныш тақтасы Жүк платформасының ортаңғы сызығы Жүктерді жүк платформасының ортаңғы сызығының сол жағына және оң жағына біркелкі орналастыру	Құм, шағыл тас, кірпіш және т.с.с. жүктерді тиегенде бүйірлік борттарды қорғау құралдарын пайдалану және арқандардың көмегімен бекіту
Жеңіл салмақты жүктер	Жүк платформасының ортаңғы сызығы Арқан Арқан ілмегі Жүктерді жүк платформасының бүкіл ұзындығы бойына біркелкі орналастыру Жүк платформасының ортаңғы сызығы Жүктерді жүк платформасының ортаңғы сызығының сол жағына және оң жағына біркелкі орналастыру	Арқандарды арқан ілмектеріне ілдіру

Жүктердің түрлері	Жүктерді тиеу тәсілдері	Жүк бөлімін қорғау тәсілдері
Механизмдер, жабдықтар, конструктивтік компоненттер және өзге де ірі дара жүктер Ескерту: Жүк платформасының еденіндегі диагоналдардың қиылысу нүктесі жүк платформасының ортасы болып табылады, жүк платформасының еденіндегі диагоналдардың қиылысу нүктесі арқылы өтетін вертикалды сызық жүк платформасының ортаңғы сызығы болып табылады.	Жүктердің ауырлық нүктесі жүк платформасының ортаңғы сызығында орналасады Жүк платформасының ортаңғы сызығы Шпал Жүк платформасының ортаңғы сызығы Ірі өлшемді жүктердің бірнеше түрін жүк платформасының ортасына жақын орналастыру Шпал Жүк платформасының ортаңғы сызығы Жүк платформасының ортаңғы сызығы	Металл табакты, фанераны қою немесе шпалдарды жүк платформасының еденіне тігінен қою

Жүктердің түрлері	Жүктерді тиеу тәсілдері	Жүк бөлімін қорғау тәсілдері
Бөренелер, бағаналар, құбырлар және өзге де ұзын өлшемді жүктер	Жүк платформасының ортаңғы сызығы  Жүктердің ауырлық нүктесі жүк платформасының ортаңғы сызығында орналасады Баған Шпал Жүк платформасының ортаңғы сызығы 	Алдыңғы бортқа қорғаныш құралдарын (білеулер немесе металл табак) қою. Бағандарды немесе шпалдарды орналастыру

Мочевина ерітіндісі деңгейінің сигнал шамы



Назар аударыңыз, пайдалануға тыйым салынады!!!

- Егер, AdBlue бағындағы сұйықтық деңгейі минималды мәннен төмен болса!
- Егер, AdBlue бағындағы сұйықтық деңгейі максималды мәннен жоғары болса!
- Қозғалтқыш жұмысын тоқтатқаннан кейін, 5-10 минут ішінде масса сөніп қалатын немесе аккумулятор клеммалары өшіріліп қалса!